Дестабилизировав весь Ближний Восток при помощи мнимой «арабской весны», устроив «гуманитарные войны» в Ираке, Афганистане и Ливии, подогрев конфликт в Сирии, сыграв неоднозначную роль в борьбе с терроризмом и финансируя радикальные вооружённые группировки, спровоцировав «цветные революции» и перевороты, Запад теперь пытается рассказать всем, какую «опасность для мира» представляет Россия. Похоже, фальшивое «Завещание Петра Великого» до сих пор служит на Западе хорошим примером, ведь безбожно врать — это излюбленное правило фальшивых «певцов демократии» Запада.

В заключение хотелось бы высказать мысли о том, что Запад хочет он того или нет он должен пойти на сближение с Россией и учитывать ее интересы и вести с ней диалог на равноправной основе как того она справедливо требует. Россия становится в наши дни той державой способной разговаривать с Западом на равных и вносить тот необходимый баланс сил способствующим стабильности в мире и решению проблем современного мира.

Литература:

1. Данилевский, Н. Я. Россия и Европа. Славянский культурно-исторический тип. // Антология культурологической мысли. — М., 1996.
2. РИА Новости // <http://ria.ru/world/20150912/1247046862.html#ixzz3lci7VSPs>
3. Бжезинский, З. Великая шахматная доска: Господство Америки и ее геостратегические императивы: New-York Basic books / пер. с англ. О. Ю. Уральской. — М.: Международные отношения, 1998.
4. Джампаоло Росси: Русофобии Запада ее истоки и развитие // *il Giornale*, 12 ноября, 2016.

Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев о проблемах молодежи Казахстана

Карташов Кирилл Николаевич, студент
Казахский Национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

В развитии государства и формировании его стабильности огромную роль играет молодежь. Любое государство возлагает большие надежды на молодое поколение, поскольку это будущее страны. С этой целью, Правительство реализует различные государственные программы, нацеленные на улучшение уровня жизни и предоставление возможностей будущим поколениям в образовательной, жилищно-коммунальной и трудовой сферах. Президент в своих Посланиях неоднократно говорил о молодом поколении и его роли в развитии современного Казахстана. Послание является своего рода важнейшим «связующим мостом» между главой государства и народом, некой площадкой в рамках которой описывается положение в стране, намечаются долгосрочные стратегии и краткосрочные задачи для их реализации. В силу своей доступности, с Посланием может ознакомиться любой

гражданин, независимо от того является ли он опытным экспертом или же рядовым обывателем.

За время независимости Казахстана главой государства Нурсултаном Назарбаевым было озвучено 21 Послание и во многих из них Президент акцентирует внимание на молодом поколении Казахстана. В данной статье автором был проведен количественный контент-анализ Посланий Президента Республики Казахстан с 1997 года. В основе количественного контент-анализа лежит принцип квантификации, который подразумевает сведение качественных характеристик к количественным [1]. Контент-анализ был проведен с помощью программы «Yoshikoder». В рамках данного метода автором был разработан блок, состоящий из следующих ключевых слов (индикаторов): «*будущие поколения*», «*дети*», «*молодое поколение*», «*патриотизм*».

Год	Будущие поколения	Дети	Молодое поколение	Патриотизм	Сумма
1997 год	12	27	7	9	55
1998 год	0	6	0	1	7
1999 год	5	0	1	0	6
2000 год	1	2	2	0	5
2001 год	1	1	2	1	5
2002 год	0	3	0	0	3
2003 год	0	0	0	0	0
2004 год	1	8	2	1	12
2005 год	4	12	0	0	16
2006 год	1	1	1	0	3
2007 год	0	8	2	1	11
2008 год	1	1	3	1	6
2009 год	1	0	1	1	3
2010 год	0	6	2	0	8
2011 год	0	8	0	0	8
2012 год	16	39	29	19	96
2014 год	5	4	5	4	18
2015 год	0	1	1	0	2
2017 год	2	5	3	1	11

«*Ваш личный успех — это успех ваших родителей, успех ваших родных и близких, успех ваших семей, успех всех ваших соотечественников, успех нашей Родины*» (из обращения главы государства Н. А. Назарбаева к молодежи Казахстана в Послании 4 декабря 2012 года).

Наиболее часто данный блок упоминался в двух Посланиях 2012 года. За 2012 год сумма индикаторов составила 96 слов, среди них «*будущие поколения*» — 16 раз, «*дети*» — 39 раз, «*молодое поколение*» — 29 раз и «*патриотизм*» — 12 раз. Если в первых Посланиях

при разработке программы «Казахстан — 2030» глава государства заявил, что на казахстанцах лежит ответственность перед будущими поколениями, то в более поздних Посланиях Президент уже непосредственно обращался к той самой повзрослевшей молодежи [2].

«*Каждый из нас един в понимании долга перед своими родителями и в стремлении сделать жизнь наших детей лучше*» (из обращения главы государства Н. А. Назарбаева к молодежи Казахстана в Послании 16 октября 1997 года).

В Послании 27 января 2012 года Президент заявил, что необходимо расширять доступность образования для молодежи через механизмы государственно-частного партнерства и субсидирование проживания молодежи из малообеспеченных семей. Помимо этого, здесь также затрагивался вопрос развития функциональной грамотности среди школьников и повышения уровня патриотизма среди молодых людей. В следующем Послании 4 декабря 2012 года была представлена программа государственного развития «Стратегия — 2050», в данном Послании глава государства часто обращался к молодежи (в пункте «Обращение к молодежи»), как к поколению, которому предназначено реализовать цели, поставленные в данном документе. В данном направлении государство начало разработку новой концепции молодежной государственной политики. По заявлению Президента, в условиях быстроразвивающегося современного мира, молодому поколению необходимо уметь эффективно использовать знания и технологии в повседневной жизни. Помимо этого, во втором Послании 2012 года была затронута тема защиты детства, в рамках которой

в молодежи необходимо воспитывать ценности семьи с целью сокращения числа разводов в стране. Правительству было поручено разработать многоступенчатую систему грантов на обучение, законодательно закрепить производственную практику в ВУЗах, создать учебные программы, ориентированные на предпринимательство. В образовательной системе также было поручено оказать помощь молодым людям, не имеющим возможность самостоятельно оплачивать обучение в высших учебных заведениях [3].

Таким образом, в Посланиях мы видим некую преемственность, при которой возможности, предоставляемые молодежи в последних посланиях играют не менее важную роль, чем цели, поставленные в первые годы независимости. По Посланиям четко видно, что Президент возлагает большие надежды на молодое поколение, если основной темой первых Посланий была экономическая, политическая стабилизация и демократизация государства, то в последующих Посланиях присутствует обращение к молодежи, как гражданам, которые должны продолжить начинания государства.

Литература:

1. Ядов, В. А. Стратегия социологического исследования. — М., 2009. — С. 141.
2. Назарбаев, Н. А. Послание Президента народу Казахстана 1997 года «Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев».
3. Послание Президента народу Казахстана 2012 года «Стратегия «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства».

О внутригородских пассажирских перевозках

Коптилеуов Болат Жеткербаевич, кандидат технических наук, доцент;
Жаппарбеков Нұрбек Маратұлы, магистр технических наук, преподаватель
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата (г. Кызылорда, Казахстан)

В годы независимости нашей республики произошли радикальные социально-экономические преобразования. Изменились фундаментальные принципы хозяйственной деятельности, поистине революционным образом преобразованы отношения собственности, реформированы структуры и функции системы управления экономикой, возникли принципиально новые направления экономической деятельности. Рыночные реформы заставляют коренным образом пересматривать представления об основах организации деятельности предприятия автомобильного транспорта, учитывая их специфическую роль как связующих звеньев между сферами производства и потребления.

Автомобильный транспорт не только изменяется сам по себе в результате структурных преобразований внутри отрасли, но также испытывает сильное дополнительное влияние со стороны формирующихся и раз-

вивающихся товарных рынков, деятельность которых он обеспечивает. В развитии экономики города Кызылорды также важную роль играет автомобильный транспорт, так как он, во-первых, развивается более высокими темпами, чем другие отрасли хозяйства, во-вторых, является одной из трудоемких подотраслей хозяйства, в-третьих, потребляет наибольшее количество энергетических ресурсов, в четвертых, является фондоемким и капиталоемким.

В условиях города Кызылорды автомобильный транспорт способен оперативно осуществлять большие задачи в обеспечении автомобильными перевозками пассажиров. Он оказывает серьезное влияние на структуру экономики, культуру, здоровье людей, их физическое развитие, а также на архитектуру и планировку города.

В последние годы появились множество предприятия автомобильного транспорта для перевозки пассажиров.

Внутригородскими перевозками пассажиров занимаются пять автотранспортных предприятия, имеющих около 700 автобусов малой и средней вместимости, в основном китайского производства. Перевозками пассажиров занимаются еще частные перевозчики на «Газелях» и на легковых автомобилях.

По санитарно-техническим нормам в городах с населением более 200 тыс. человек на внутри городских маршрутах должны курсировать автобусы большой и особо большой вместимости.

С развитием экономики и увеличением количества транспорта меняется архитектура и планировка города. В связи с этим разрушилась сеть автобусных маршрутов, не стало остановок для пассажиров. Это позволяет водителям автобусов останавливаться по требованию пассажиров где этого не разрешают правила дорожного движения.

Существуют такие понятия как потребное количество автобусов, интервал движения на маршруте, которые определяются по формулам [1]:

$$n_m = \frac{T_{об}}{И}, \text{ автобусов;} \quad (1)$$

$$И = \frac{T_{об}}{n_m}, \text{ мин;} \quad (2)$$

где, n_m — количество автобусов на маршруте,

И — интервал движения

$T_{об}$ — время оборота на маршруте.

Эти показатели не соблюдаются перевозчиками, в результате чего наблюдается физический и морально-психологический дискомфорт для пассажиров и износ, и выход из строя для автобусов.

Автотранспорт, который осуществляет перевозки пассажиров, играет особую роль в транспортном комплексе страны. Это значит, что потребности населения удовлетворяются своевременно с помощью качественного обслуживания и исправного транспорта. Основной принцип организации пассажирских транспортировок автотранспортом отражаются в нормах Министерства, которые должны выполняться всеми работниками, которые связаны с автоперевозками.

При соблюдении правил будет удовлетворено потребности граждан и обеспечено культуру обслуживания и безопасности. Для этого должны быть продуманы маршруты, устанавливается требование к производительности персонала транспортной компании. Есть несколько направлений при реализации правил организации пассажироперевозок:

— должна изучаться плотность пассажирского потока; разрабатываются на основе полученного исследования рационального маршрута (если есть необходимость,

— открываются новые маршруты или изменяются действующие); определяются скоростные нормы движения транспортных средств; выбирается оптимальная форма организации работы водителя;

— составляется график движения, который координируется с иным видом транспорта;

— разрабатывается план развития городских, пригородных и междугородных автоперевозок.

Должна анализироваться ситуация на рынке перевозок пассажиров, перенаправляются низкорентабельные маршруты, ликвидируются убыточные и выявляются потребности граждан. При этом учитывается, открыты ли новые компании, есть ли новый жилой район и т. д. Требования к автомобилистам — у них должны быть определенные знания, ими должен соблюдаться нормативы пассажироперевозок и багажа, правила безопасности при движении.

Также городская администрация при городских автомобильных перевозках пассажиров в регулярном сообщении должна работать в таких направлениях, как:

— изучение спроса населения на автомобильные перевозки пассажиров в регулярном сообщении;

— установление числа и места остановочных пунктов маршрутов перевозок пассажиров в регулярном сообщении;

— внесение изменений в расписание или интервалы движения автобусов по согласованию с автомобильным перевозчиком, выполняющим перевозки пассажиров по маршруту в регулярном сообщении;

— контролирование выполнения автомобильными перевозчиками условий договора об организации перевозок пассажиров в регулярном сообщении, в том числе с использованием аппаратуры спутниковой навигации, установленной в автобусах, применяемых при выполнении таких перевозок;

— управление движением автобусов по маршрутам;

— расторжение в одностороннем порядке с автомобильным перевозчиком договор об организации автомобильных перевозок пассажиров в регулярном сообщении в соответствии с условиями этого договора, а также при грубых нарушениях перевозчиком законодательства о лицензировании или установленных лицензионных требований и условий осуществления лицензируемой деятельности.

При соблюдении вышесказанных правил и требования можно добиться высоких результатов при оказании услуг пассажирам во внутри городских автобусных маршрутах.

Литература:

1. Блатнов, М.Д. Пассажирские автомобильные перевозки. — М.: Транспорт, 1989. — 222 с.

Ақын танымындағы пейзаждың поэтикалық суреттемесі

Кыяхметова Шара Асетовна, филология ғылымдарының кандидаты, доцент;

Оразханқызы Нұржанат, магистр

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Талдықорған қаласы, Қазақстан)

XX ғасыр басындағы ірі қоғамдық оқиғалар бүкіл рухани қазына жайындағы түсінік, ұғымды өзгертті. Адамның өзін-өзі тануының жаңа дәуірі басталды. Лирикаға деген көзқарас та өзгерді. Халықтың жаңа мазмұндағы өміріне, танымына лайық поэзия қанатын жайды. Ой сезімі толқындарын әңгімелеуден гөрі адамның жан құбылысындағы әсерленулерді тікелей суреттеу қажеттігі туды. Табиғат суреттері арқылы адамның ішкі сырын, жан шындығын ашты. Жан әлеміндегі сиқырлы көріністерді, өзгерістерді, мың сан құбылыстардың ажарын ашатын табиғат құбылыстарының сыры мен сипатынан оралымды, өрнекті сурет таба білді. Халықтың философиялық, ұлттық, этикалық, эстетикалық көзқарастары табиғат пен адам тағдыры қарым-қатынастары арасындағы толғаныстардан көрініс тапты. Олар табиғатты сырттай бақылап, қызықтап тамашалаумен ғана шектелмей, табиғат әлемі қандай жаңа қырларымен көзге түседі деген сауал төңірегінде жауап іздеді. Табиғат құбылыстарын үлкен суреткерлікпен бейнелеп, оқырманның көркемдік таным әлемін қалыптастырды.

Мағжанның балалық шағы мен құрбы-құрдастарымен көңіл сырын бөліскен жері — Сасықкөл. Ақын үшін ол ұжмақпен бірдей. Одан көркем, одан сұлу жер жоқ. Сондықтан болар ақын көл суретін ерекше шабытпен суреттейді:

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігі,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл [1, 85].

Табиғат та, оны мекен етіп отырған халық та жанға жайлы мамыражай тірлік кешуде. Қаймағы бұзылмаған сұлу табиғат. Сонда да болса, ақын көңіліне кірбің ұялайды. Айтпауға дәті шыдамайды. Өлеңнің соңғы шумағында ұлтына қара бұлттай үйіріліп келе жатқан қамытқа деген қарсылығын, алаңдаушылығын көрсетеді. Қазағының басынан да, оның туған табиғатынан да бақ құсы ұшып кетер күннің жақындағанын сезіп, жаны ауырады. Сонымен қатар, ақынның туған жерге деген сағынышы, еліне, жеріне деген аңсау мен алаңдаушылық өлең бойында қатар өрілген. Ақынның нәзік жүрегі, ыстық сезімі туған өлкесінің тағдырымен бірігіп, біте қайнасып кеткен. Лирикалық өлеңде ақынның сезімі мен түйсігі ғана емес, түсінігі мен танымы да бой көрсетеді. Біз оның дарын қуатын да, ой-өрісін де, интеллект дүниесін де, мақсат-мүддесін де шығармасы арқылы танимыз, бағалаймыз. Мағжан «Шын сорлы» өлеңінде заман шындығын табиғат суретіне бөлеп толғайды:

Күн суық, қатты аяз шыдар емес,
Қар борап, соққан желмен қылып егес.

Кедейлер үсіп-тоңып дір қақтырар,
Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес [1, 92].

Жаратылыс көрінісін бейнелеу арқылы заман шындығын қаз-қалпында жеткізеді. Бұл — оның жанымен терең сезінген ақындық дүниетанымы, көзқарасы, көркемдік ізденісі. Өлең қалқасынан сығалап жетім көңіл, кіреуке сезім, қайғы — қасірет көрінеді. Адам баласының қоғамдық мұң-мұқтажы, әлеуметтік тынысы, адам жанын сыздатар ауыр, азапты өмірі ақынды шығармашылығының алғашқы кезеңінен бастап-ақ толғандырғанын көреміз. Мағжан табиғат лирикасына саяси-әлеуметтік сипат береді. Осылайша Абай қалыптастырған көркемдік әдісті Мағжан ақындығының алғашқы алымында-ақ шебер пайдаланады.

Табиғатты сезімге, сезімді табиғатқа бөлеп жырлаған өлеңдер Мағжанда жеткілікті. «Күміс нұрлы ай» өлеңі — табиғат бояуы әсем берілген, көркемдік тынысы кең, бейнелі де шымыр суреттерге, тенеулерге, кейіптеулерге, алмастыруларға толы көркем жазылған дүние. Ақынның суреткерлік қаламы құбылыстың нәрлі бояуын өзіне тән үнімен, болмысымен әрбір штрихы мен деталына дейін нәзік те сұлу, дәл де айқын жеткізуге күш салады. Түнгі сурет ақын қаламынан судырай төгіледі:

Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар — алмас, жібек жел,
Сыбырласып, жас қайыңдар бұраң бел...
Қан қайнады. Жас жүрегім ойнады.
Бір сүйейін! Жақында, жаным, бері кел! [1, 112].

Сезім мен сурет дегеніміз осы. Көз алдымызға ғажап та сұлу түнгі шақтың әсерлі де көркем бейнесі көлбеңдейді. Тыныштық құшағында манаураған түнгі ауыл. Сүттей жарық ай, жібек жел, сыбырласқан жас қайыңдар мен қос ғашық. Сұлу табиғат пен сұлу махаббат үндесіп, біте қайнасып жатыр. Табиғат құбылыстары арқылы ақын жас қыз бен жас жігіттің ынтық сәттерін, олардың көңіл-күйлерін бейнелеген. Осы өлең Мағжан тілінің көркемдігіне, бейнелілігіне дәлел бола түскендей. Ақын танымындағы концептуалдық тұрғыны да танытады. Бұл жерде адам мен табиғаттың тұтастығы, туыстығы тамаша сезім күйіне бөленген. Өлең өзегінде адам тағдыры мен табиғат жарастығы жатыр. Ақынның бұл өлеңінде үміт пен қуаныш басым. Өлең бойында лирикалық кейіпкер көңіл-күйі мен табиғат әлемі де әсем тұтастықта көрінеді.

Ақынның таланты мен талғамы, көркемдік концепциясы байқампаздық пен білімдарлықтың үлгілері биігінде туған туындыларда табиғат пен адам тағдырының осындай қалтқысыз тұтастығына негізделеді. Оның шын мәніндегі дүниетанушылық сыры да осы өңірден аңғарылады. Шынайы көркем шығарма ақынның шығармашылық тұрғысымен, қайғы-мұң, қуаныш-

сүйініш сияқты көңіл-күй әсерімен қанаттанған шынайы шабыттан, ой тереңдігінен туады. Табиғат және оның әсерінен туған сезім сырлары лирика үшін мәңгілік тақырып болып келген және солай бола бермек. Белгілі бір табиғи жағдайларға орай адам сезімі, қуаныш-сүйініші, басқаша айтқанда, адам тағдыры табиғатпен тамырлас көрінетіндіктен, ақын өз өнерінің өрісін, шығармашылық биігін адам сезімі мен табиғат құбылыстарының тұтастығына немесе алшақтығына барынша терең бойлау парызынан іздеген. Көркемөнерсіз-ақ ол адам көңіл-күйінің қуаныш-қайғы сияқты әрқилы жағдайымен үндес қызық бір мінездер байқатуы ғажап емес. Адам әдетте өз мұңы, өз қуанышымен үндес табиғаттың осындай әр түрлі ғажайып көріністерінен қуат алады, табиғат тылсымынан өз жанының шындығына сай күй табады.

Тіршілік тынысын байсалды баяндау мәнерінен гөрі эмоционалды сезім әсерімен жеткізу, табиғаттың өзіндік даралық сыр-сипатын терең түйсіну Мағжанның шығармашылығынан айрықша көрінеді. Табиғатты әрі айрықша, әрі шартты қалыпта алып бейнелеу — романтизмнің бір белігісі. Ал қазақ әдебиетінде романтизм әдісінің қалыптасуына Мағжан алғашқылардың бірі болып еңбек сіңіргенін кезінде Ж. Аймауытов, кейіннен Т. Кәкішев және басқа зерттеушілер айрықша атап өткен. Мағжан романтизмінің өрісін кеңейтуші басты күш — табиғат. Ақын романтизмінің негізінде де оның табиғатты суреттеу даралығы арқылы көрінетін суреткерлік концепциясы жатыр. М. Жұмабаевтың 1922 жылы жазылған «Жиленді қара орман» атты өлеңінде таза орман көркін суреттеу жоқ. Жаратылыс көркін ақын жан-дүние әлемімен бірлікте сабақтастыра толғайды. Тәтті ұйқыға кеткен, «үнсіздік», «тілсіздік» арқалаған «мәңгі мылқау кәрі орман» ақын бейнелеуінде іле орманның аппақ кебін бүркенуімен, түс көруімен астасады. Лирикалық кейіпкер жанын бір тылсым тыныштыққа баулиды. Ол пендешіліктен арылып, жаны тазарып, табиғатпен бірге ұйқыға кетердей. Осы сәтті ақын лезде бұзады: Жел мінезді ессіз жан — Маған түрлі ой келед...Лирикалық кейіпкер мазасыз күйге түседі. Бұл сәт ұзаққа созылмайды. Ақын оны тыншытады. Ол да тәтті ұйқыға кетеді. «Әпсүн оқып, үшкірген беймаза мінезді» жел образын тудырады. Ақын қолданысында жел образы символдық дәрежеге жеткен.

Ақынның осындай өлеңдерін оқыған тұста Т. Кәкішевтің «Мағжанның кейде өмір шындығына жанаса бермейтін ой айтып, сурет тудыратындығы» [2,361] жайлы айтқан пікірі ойға оралады. Рас сөз. Бірақ ақынның ойы мен сезімі өмір шындығымен жанаса беруі міндетті емес екендігін де ескергеніміз дұрыс болар. Ақынның суреткерлік танымының, шығармашылық концепциясының ерекшелігі де осында. Мағжанның табиғат лирикасынан қайғы-мұңның жоталанған түрін көреміз. Мағжан қайғы-қасіретті, мұңды көп жырлау арқылы өмірдің қатпар-қатпар сан алуан сырын жан-жақты ашуға тырысты. Табиғаттың күнгей жағынан гөрі көлеңкелі тұстарына көп назар аударды. Бұдан да оның ақындық тұрғысының өзіндік ерекшелігі көрінеді.

Қажыдым енді, күш бітті,
Көңілсіз салқын күн бұлтты,
Жел бұйығып тербелед.
Әлдекімнің өлгенін,
Оны қалай көмгенін,
Әңгіме ғып күңіренед.
Жел, күңіренбе, жасың тый,
Өлім күйі-тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге.
Мені де, өлім, әлдиле...
Әлдиле, өлім, әлдиле!.. [1, 151].

Бір арнадан екінші бір жаңа арнаға ауысу процесі оңайға түспейді. Дарыны болмашы, принципі босаң жандар болмаса, хас суреткер шығармашылығындағы бұл процестің күрделілігі, дүниетанымындағы психологиялық ағымдардың өзгерісі — нағыз дарын иесін үлкен шығармашылық концепция биігіне көтеретіні, тіпті бірқатар қиындықтарға әкелетіні сөзсіз. Принциптері берік, сенімі тұрлаулы, концепциясы тұғырлы қаламгер саясат өзгергеннен гуманизмге, қастерлі мақсатқа, әділет жолына деген таным-түсінігін жаңа, ресми өкіметтің ығына жыға салмайды. Мағжан романтизмінің тереңдей түсуі, мұңды әуенге айналуы — ұлттық дүниетанымының, кеңес шындығымен үйлесе алмауынан туындап отыр. Тергеуге берген жауабында М. Жұмабаевтың өзі де: «Жалпы менің жазғандарым үгіт, насихаттан гөрі адам жан-дүниесінің, сезім-сырларының болмысынан туатын менің шындығым олардың шындығына үйлесе қоймағаны мәлім» деген екен. Бұл пікірін ол өлеңдері арқылы нақтылай түседі.

Мағжанда белгілі бір идеялық-көркемдік шешімді жүзеге асыру бағытында типтендіру құралдарының бірі — пейзаждың әрқилы берілетіндігін М. Базарбаев ашып берген [3]. Расында да Мағжан қолданысында табиғат кейде таңдай қақтырып, бойыңды ерітіп, жүрегіңді лүпілдетіп неше түрлі күйге бөлейтін сурет боп көз алдына орнай қалады. Кейде сол табиғат безбүйрек, қатал. Лирикалық кейіпкердің көңіл-күйіне қарай табиғат та құбылып отырады.

Лирикалық кейіпкер көңіл-күйі мен табиғат әлемі ақын суреттеуінде жымдасып кеткен. Табиғат өлім күйін шертіп отыр. Ақын жүрегі де соны қалайды. Жаны тыншу таппай қиналған ақын жанына саяны табиғаттан іздейді, табиғатқа табынады, табиғаттан үміттенеді. Ақын сырласарлық достық жайын көңіл-күйін сұлу табиғат суреті арқылы терең де тебіреністі күйге бөлеп, жаңа бір романтикалық поэзия дүниесін жасайды. Ақын кейде ішкі сырды не осындай табиғат әлемінің сұлулығын қастерлеу арқылы, не ишара түрінде бейнелейді. Қандай көркемдік үлгіде жырласа да ақынның туған, өскен жерінің табиғат дүниесі мен жан дүниесінің құбылыстары айқын сезіледі.

Байрон суреткердің таланттылығы пейзаж сұлулығын баса көрсетумен ғана емес, анау-мынау олақтықты, кемкетікті бояп, құбылтып, түрлендіріп бейнелеу шеберлігі арқылы да айқындалатынын айрықша ескерткен. Оның ойынша, табиғаттың өз поэзиясы суреткерлік мақсат үшін

жеткіліксіз. Мағжанның осы оймен өзектес болғанын шығармаларын оқу арқылы мойындаймыз. Ол табиғатты табиғи қалпында суреттеп қана қоймайды, оны өз тағдырының жарығы мен жылуына, мәні мен мағынасына бөлеп суреттейді.

Мағжан жеке-жеке ғажайып дүние көркін бейнелеуде табиғаттың өзінен асып түсу, бар өзгеріс-құбылысымен жан рахатына бөлейтін жаратылыстың өзінен үйрене білу негізгі парызым деп түсінді. Жаратылыс келбеті, әлем жұмбағы әр уақытта да суреткерді толғандырған. Адам баласының табиғатқа қатынасы қашан да әдемілік негізін қалаған. Әлденеге іштей қуанып, сүйсініп, мейірленіп, тіршілік қызығын қаз-қалпында сезіну — көркемдік таным өрісінің бұлжымас бір шарты. Адам жаны ондай жерде өзін-өзі жаңа көргендей, туған өлкесінің де көз тоймас ғаламат көрінісін тұңғыш рет аңғарып отырғандай ғажайып көңіл-күйге беріліп, тебіреніп толқиды. Осының өзі жаратылыспен жарасқан эстетикалық қатынас болып табылады. Ақын бірде туған өлкесінің ғажайып сұлулығына таң болып, әсерлене суреттесе, енді бірде «қайғылы қайыңмен» бірге қайғы-қасірет шегеді. Табиғат әлемінен өз тағдырына ұқсастық, туыстық іздейді, көңіл-күйімен сабақтастырады. В.Г. Белинскийдің пікірінше, өмір құбылыстарының қай-қайсысы болса да лирикаға өзек бола алады [4]. Оның өмір бар жерде поэзия бар дейтін философиялық, эстетикалық қағидасы әлі күнге дейін өз құнын жойған жоқ. Өмір шындығында ақынға тақырып болмайтын құбылыс жоқ. Әңгіме, сол құбылыстың ішіне үңіле қарап, сырын ашып, нағыз ақындық қуат пен зерделі шеберлікпен өрнектей білуінде. Мағжанның жоғарыда талданған өлеңдері — зергерлікпен ғана емес, зерделілікпен зерленген өрнектер.

«Мағжан Жұмабаев — қазақ әдебиетінде табиғат лирикасын жасаушылардың бірі емес, бірегейі» [5, 141], — дейді белгілі ғалым Р. Бердібаев. Өз тұтастарының арасынан табиғатты Мағжандай жырлаған ақындар кемде-кем. Ақын өлеңдері тек сұлулықты, іңкәрлікті, табиғат жарасымын бірыңғай қызықтау деңгейінде қалып қоймай, табиғат адамшылық, әлеуметтік астарлармен көмкеріледі. Бұл тектес шығармалары ақын мұрасының мәнін арттырады, өшпес, тозбас қасиетін белгілейді. «Туған жерім — Сасықкөл» өлеңінің өзі неге тұрады... Асқан шеберлікпен, үлкен сезіммен, ыстық іңкәрлікпен бейнеленген туған жер келбеті бейне бір жұмақ төріндей елестейді. Бұл өлеңінде де ақын табиғат сұлулығын, туған жер күдіретін айтып

келеді де, өлең соңында: Итиіп қарашекпен келіп қонса, Басыңнан құсың ұшып кетер сенің, — деп, әлеуметтік мәселені көтереді. «Күз» өлеңінде де күздің адамды жабырқатар сүреңсіздігін айта келіп:

Көрік жоқ ойда-қырда шығып жүрсең,
Естілмес құстар даусы құлақ түрсең.

Қақтанған, жамыла түсіп, от маздатып,

Көресің кемпір-шалды үйге кірсең, — [1, 67] деп, тіршілік тынысын тілге тиек етеді. Өлеңнің соңында надандықта, қараңғылықта өтіп жатқан қазақ өмірін де сұрғылт күзге теңейді. Өз көңілінің күзін де табиғатпен астастыра жеткізеді. Мағжанның «Шын сорлы» өлеңі тақырыптық жағынан саяси лирикаға жатады. Өлеңнің тақырыбы — қазақ кедейінің ауыр тұрмысы. Мағжан сол ауыр тұрмысты табиғатпен үндестіре жырлайды.

Күн суық, қатты аяз, шыдар емес.

Қар борап, соққан желмен қылып егес.

Кедейлер үсіп-тоңып, дір қалтырар,

Жылы үйде байлар жатар, уайым жемес [1,74].

Сол сияқты ақынның «Жылқышы» өлеңінде де табиғат суреті көрініс береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін өлеңнен үзінді келтірейік:

Бораны — бөрі ұлып тұр.

Төбеттей тынбай үріп тұр.

Сын тағылды қаңтарға

Аман ба екен жылқышы?

Аман ба екен жылқысы?

Малға барған жан бар ма?

Түтінді жерге тығатын,

Түкіріктен түйме тағатын,

Аяз мынау шатынаған.

Хабар бар ма, мал қалай?

Малдағы жалғыз жан қалай?

Адам бар ма қатынаған? [1, 85].

Мағжан адамды, қоғамдық құбылысты уақыттан, кеңістіктен тыс алып жырламай, қайта соның аясында, сонымен бірлікте жырлайтыны сияқты табиғатты да қоғам өмірінен, уақыттан, адамнан тыс, жалаң жырламайды, табиғаттан жан сезімімен үндес бір шындықты тауып алған. Суреткер әрекетінде әдетте, ой мен сезім бауырласады да, табиғат бейнесінің күллі ою-өрнегін нұрландырып, өзекті көркемдік арқауға айналып кетеді. Олардың өзара аста-сқан тас-түйін жарасымы қаламгердің шығармашылық өнеріндегі тағдыр мен табиғат концепциясына тән ерекшеліктердің қатарына жатады.

Әдебиет:

1. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3 томдық. 1-т. — Алматы: Жазушы, 1989. — 445 б.
2. Кәкішев Т. Мағжан — Сәкен. — Алматы: Қазақ университеті, — 1999. — 615 б.
3. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. — Алматы: Ғылым, 1997. — 504 б.
4. Белинский В. Собр. соч. в 3-х томах. — Т. 2, Москва: Наука, 1988. — С. 304
5. Мәшһүр-Жүсіпов К. Өлең сөздің патшасы. — Алматы: Жазушы, 1991. — 215 б.

Оқушылардың биология пәні бойынша үйде жүргізілетін бақылау мен тәжірибе жұмыстарының маңыздылығы мен мазмұны

Назарова Гүлмира Асылбекқызы, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Байжұма Нұрсауле Сансызбайқызы, магистрант
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

ҚР Президенті өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2014 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп атап көрсете отырып, ол үшін «Орта және жоғары білім берудің оқу жоспарларының бағыттылығы мен басымдықтарын оларға тәжірибелік машықтарға үйрету бойынша және тәжірибелік біліктілікке ие болу бағдарламаларын қосып, өзгертуді» ұсынды [1].

Көрсетілген міндеттердің толық жүзеге асуы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруге тікелей байланысты десек қателеспейміз. Сондықтан, жеке тұлғаға өзіндік құндылық ретінде қарап, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруде дәстүрлі оқыту әдістерін әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын толықтыра отырып оқу үрдісін жетілдіру міндетіміз.

Үй жұмысы — сабақта өтілген биологиялық тақырыпты бекіту, оқу материалының мазмұнын тереңдету үшін берілген тапсырманы оқушылардың үйде өз бетінше орындауларын ұйымдастырудың бір формасы [2].

Биологияны оқыту әдістемесінде оқушының үй жұмысының бірнеше түрін жіктеп көрсетеді: проблемалы және проблемалы емес, топтық және жеке, шығармашылық және шығармашылық емес. Олардың барлығы пәнді оқыту тәжірибесінде пайдаланылады. Алайда, көп жағдайда дидактикалық мақсатқа сәйкес келетін үй жұмыстарының түрлері, яғни: 1) сабақта меңгерген білімдерін бекіту, тереңдету және біліктіліктерін қалыптастыру; 2) жаңа оқу материалын жақсы меңгеруге дайындау; 3) танымдық тапсырманы шешу; 4) шығармашылық тапсырманы орындау түрлері кең таралған.

Сабақта меңгерген білімдерін бекіту, тереңдету және біліктіліктерін қалыптастыру бойынша берілген үй жұмыстары жалпы биологиямен, морфологиялық, анатомиялық, физиологиялық, экологиялық және т. б. материалдармен, сондай ақ ойланумен, практикалық және іс-әрекеттің арнайы тәсілдерімен байланысты. Оларды талапқа сәйкес, биологиялық оқулық, ғылыми-көпшілікке арналған журналдар, ғылыми-көркем кітаптар, интернет-ресурстар және табиғи нысандарды пайдаланып орындау қажет.

Биологиялық тақырыптағы жаңа оқу материалын жақсы меңгеруге дайындау бойынша берілген үй жұмысы түрліше болуы мүмкін, алайда оның ең негізгілері келесілері:

1) Бұрын оқыған материалды қайта жаңғырту. Мысалы, сүткөректілердің ішкі құрылысы жөніндегі тақы-

рыпты оқушылардың тиімді меңгерулері үшін мұғалім оқушылардан «Құстар класы», «Бауырмен жорғалаушылар класы» және т. б. тақырыптар бойынша қажетті мәліметтерді қайталауды тапсырады.

2) Тәжірибені алдын ала орындау. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқушылар алдын ала белгілі бір уақытта тәжірибе қойып, алынған мәліметті сабаққа әкеледі. Мұндай тәжірибеге: 2 күнде тұқымның ісіну күшін анықтау, 7 күн бойы — тұқымды түрлі жағдайда өсіру, 14 күнде — қаламшеден өсімдікті өсіру секілді тапсырмалар мысал бола алады.

3) Жаңа материалды нақтылау үшін табиғатта немесе үй жағдайында бақылау жүргізу. Өсімдікке қатысты бұл табиғи және жасанды жағдайда олардың тіршілігіндегі, дамуы мен өсуіндегі маусымдық құбылыстарды, жануарларға қатысты — олардың тіршілік ортасын, тіршілік әрекетін, өсімдіктер мен жануарлардың өзара байланысын және т. б. бақылаумен байланысты болуы мүмкін.

Үй жағдайында тәжірибе мен бақылау өткізу сабақ уақытындағы практикалық жұмыстың кез келген түріне толықтырушы жұмыс түрі бола алады.

Биологиялық тәжірибе — қандай да бір құбылыстың мәнін анықтауға, себеп-салдар байланысын ашуға мүмкіндік беретін оқытудың күрделі және еңбекті көп қажет ететін әдістерінің бірі. Білім беру үдерісінде бұл әдісті пайдалану бірнеше міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, сабақта тәжірибе қою іс-әрекеті мұғалімге баланы оқытуда, дамытуда және тәрбиелеуде эксперименттің бай мүмкіндігін іске асыруға жағдай жасайды. Ол білімді кеңейтудің және тереңдетудің, логикалық ойлауды дамытудың маңызды құралы.

Тәжірибені қоюда және оның нәтижесін пайдалануда оқушылар:

- жаңа білім мен іскерлікке ие болады;
- биологиялық құбылыстың табиғи ерекшеліктеріне көз жеткізеді;
- теориялық білімінің шынайылығын тәжірибе жүзінде анықтайды;
- бақыланып отырған құбылысты талдауды, салыстыруды, тәжірибеден тұжырым жасауды үйренеді.

Екіншіден, тәжірибе жұмысы білім алушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін арттыру құралы болып табылады.

Үшіншіден, білім алушылардың зерттеушілік қызығушылықтарының оянуына және оны дамытуға ықпал етеді және одан әрі балаларды біртіндеп зерттеу жұмысымен айналысуына мүмкіндік береді.

Алайда, тәжірибелік жұмыс әдістемелік тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылғанда ғана тиімді ықпал етеді, сонда ғана балалар өз еңбектерінің нәтижесін көре алады.

Биологиялық эксперименттер ұзақ уақытты талап етеді, сондықтан оны сабақ барысында толығымен жасамайды, тек тәжірибе қоюды және оның нәтижесін ғана демонстрациялайды.

Оқушылар эксперименттік жұмыстарды әдетте сабақтан тыс уақытта (жеке немесе топпен) тірі табиғат мүйісінде немесе мектептің оқу-тәжірибелік үлескесінде жүргізеді.

Оқу-эксперименттік үлескіде өткізілетін эксперименттер мазмұны жағынан алуан түрлі. Олар әсіресе ұзақ уақытта созылады және вегетациялық кезеңді қамтиды, яғни бүкіл жаз бойы жүргізілуі керек болады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Общая методика обучения биологии: Учеб. пособие для студ. пед. вузов / И. Н. Пономарева, В. П. Соломин, Г. Д. Сидельникова; Под ред. И. Н. Пономаревой. — М.: Издательский центр «Академия», 2003. — 272 с.
3. Лабораторный практикум по теории и методике обучения биологии: Учебно-методическое пособие для студентов-заочников / Авторы составители: А. А. Семенов, Н. Г. Боброва и др.; Под ред. А. А. Семенова. — Самара: Изд. СГПУ, 2003, — 197 с.

Биоэкологиялық мазмұндағы тапсырмалар мен есептер — таным құралы

¹Назарова Гульмира Асылбековна, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;

²Сапарова Айгуль, мұғалім

¹Қорқыт Ата атындағы ҚМУ (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

²Назарбаев Зияткерлік мектебі (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Биология сабағында экологиялық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу, олардың білімді өз беттерінше меңгеру және оны өз тәжірибелерінде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Осы міндетті орындау үшін оқыту әдістемесін жетілдіру қажет. Мектеп тәжірибесін таладау барысы көрсетіп отырғандай, оқушыларды оқытуда жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін экологиялық мазмұндағы танымдық тапсырмаларды пайдалану тиімді. Олар оқулықта және түрлі танымдық құралдарда көп кездеспейді. Мұғалімдердің көпшілігі оқушыларға экологиялық мазмұндағы танымдық тапсырмаларды шешу тәсілдерін үйретуге және оларды өздері құрастыруға дайын болмайды. Бұл оқушылардың көптеген биоэкологиялық заңдылықтардың ролін түсінбейтінін, оларды сабақта қарастырылатын көптеген дәйектер мен биологиялық құбылыстарды түсіну үшін пайдалану қажеттілігіне мән бермеу деген сөз.

Егер оқушы қойылған мақсаттарға жетуге шешімді өз

Тәжірибе жасау немесе эксперимент қоюдың кез келген түрі оқушылар үшін бірнеше сатылы тапсырманы құрайды:

1. Жұмыстың мақсатын айқындайтын мәселені анықтау;
2. Техникалық және ұйымдастырушылық нұсқаулықпен танысу;
3. Жұмысты орындау (анықтау, бақылау, тәжірибе қою);
4. Нәтижені тіркеу (жұмысты орындаумен қатар жүреді);
5. Тұжырым жасау;
6. Өзінің жұмысының нәтижесі туралы сабақта хабарлама жасау.


бетінше таба алатын болса, онда ол оқу процесінде субъект ретінде қатыса алады. Тапсырманы ғалымдар адам әрекетін ұйымдастырушы, оны бағыттаушы бастама ретінде қарастырған. Оқу үдерісінің оқушылардың дамуына әсер етуі көбіне оның орындалатын материалдары қандай болатынына, олардың қалай қойылып қабылданатынына және оларды шешуде қалай, қандай шешімдерін оқушының игеретініне байланысты.

Егер тапсырманың мазмұнына белгілі бір түрде құндылықтылық компонент кіргізілсе, онда соған сәйкес тапсырма «адам әрекетінің бүркемелі сызбасы» ретінде (В. В. Краевский) оқудағы тұлғалық-бағытталған ситуация негізін құрайды [1]. Тапсырманың маңызды сипаты — оның проблемалы болуында.

Биоэкологиялық тапсырмаларды бірнеше түрге сәйкес құрастыруға болады. Мысалы, теориялық тапсырмалар құбылыстарды зерттеудегі заңдылықтардың орнын, дәлелін болжайды.

Теориялық тапсырмалардың мысалдары:

Не себепті ылғалды жағдайда өсірілетін өсімдіктерді ауа тамырлары пайда болады?



Шабылған және күннен оңып кеткен жерде жасыл және сұр шегірткелер өмір сүрген. Құстар барлық жасыл шегірткелерді аулап жеп қойды. Неге сұр шегірткелер тірі қалды?




шегірткелер

Биологиядан **практикалық сипаттағы** таным тапсырмалары тәжірибе өткізу қажет болған кезде қолданылады.

Практикалық тапсырмалардың мысалдары:

1. Өсімдік ұлпасын микроскоптан қараңыз. Қандай ұлпа екенін анықтаңыз. Ұлпа түрін анықтау кезінде оның белгілерін, оның өсімдіктегі орнын көрсетіңіз



2. Бір тұқымды 5000 қайың жемісі 1 г-дай болады. 1 га орман жеріне 150кг қайың тұқымын себеді. Осы кездегі себілген жеміс санын анықтаңыз.




Эксперименталды тапсырмалар — эксперимент жүргізуде теориялық және практикалық әрекеттерді талап етеді. Оны шешу үшін оқушылар болып жатқан құбылысты талдап, тапсырманы орындауға мәліметтерді тауып, керекті әрекет жасау қажет [2].

Эксперименталды тапсырмалар мысалдары: 1. Тәжірибеде жапыраққа вазелин жақты. Күнмен жақсы қамтылғанмен, онда қоректі заттар жасалмады. Зерттеу нәтижелерін түсіндіріңіз. 2. Келесідей зерттеу жүргізіңіз. Бір жерге жаздық бидайдың үлкен дәндерін, басқа жерге майда дәндерін егіңіз. Осылайшы олардың өсуіндегі айырмашылықтарын салыстырыңыз және олардың бойы

қандай — бірдей ме немесе әр түрлі ме. Мүмкін болатын нәтижені болжап көріңіз.

Репродуктивті тапсырмалар — оқушылардан оларда бар білімді жаңғыртуды талап етеді және көбінесе материалды бекітуге қолданылады [2]. Репродуктивті тапсырмалардың мысалдары: 1. Крахмалдың жапырақтың тек жасыл бөлігінде жасалатынын қандай зерттеумен дәлелдеуге болады? 2. Судың қайнауы және салқындауы кезінде не себепті бактерияларды өлтіруге болмайтынын түсіндіріңіз.

Продуктивті тапсырмалар оқылған заңдылықтарды жаңа жағдайға ауысуын болжайды.

Продуктивті тапсырмалардың мысалдары:	
Мына сөйлемді түсіндіріңіз: «Судағы балық секілді болу»	
Жылыжайларда өсімдіктердің өсуіне оптималды жағдайлар қарастырылған. Бұл кезде тіршілік үшін күрес болады ма, түсіндіріңіз?	

Әдебиет:

1. Краевский В. В. Педагогическая теория: Что это такое? Зачем она нужна? Как она делается? — Волгоград: Перемена, 1996. — 210 с.
2. Познавательные задачи по биологии: учебное пособие [Электронный ресурс] — Электрон. дан. / Краснояр. гос. пед. ун-тим. В. П. Астафьева. — Красноярск, 2013. — 179 с.

Қазақстандағы урбанизация үрдісінің өзекті мәселелері

Нарымбаев Қуандық Датхабаевич, гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы;
 Камалова Фэриде Болатқызы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы
 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі таңда ауылдық тұрғындардың шамадан тыс қалалық мекенге көшу себебі нарықтық қоғамның қақтығысына байланысты әртүрлі мәселелерге алып келіп отыр. Яғни бұл тұрғындардың әлеуметтік экономикалық жағдайының біршама салыстырмалы деңгейін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы — 2050 Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты халқына жолдауында Қазақстан халқының урбанизация деңгейін жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55%-нан 70%-дай деңгейге дейін өсетінің көрсетті. Қазақстанның қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстыратын болады. Озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру аяқталады. Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс — деп насихаттаған болатын [1].

Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамының мәдени, саяси және әлеуметтік құрылымы нарықтық түрлену жағдайына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер қоғамның барлық саларын қамти отырып, біздің алдымызға көптеген шешуін талап ететін мәселелерді әкелді. Олардың бірі ретінде ХХІ ғасырдың ерек-

шеліктерінің бірі ретінде урбанизацияны айтуға болады. Урбанизация үрдісі қандай халықтың болмасын басынан ерте ме, кеш пе өтетін құбылыс. Урбанизация — адамзатты таратып орналасудағы қалалардың рөлі мен ара салмағына байланысты қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс болып табылады. Бұл әлеуметтік стратификациялық қоғамда жаңа түрлену, экономикалық таптардың деңгейі анықталуда. Бұл өз кезегінде, Қазақстандағы бірден бір маңызды әлеуметтік теңсіздік параметр ретінде байқала бастады. 2014 жылғы 1 шілдесінде еліміздегі халық саны 17264,6 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар — 9508,4 мың немесе 55,1%, ауылдықтар — 7756,2 мың немесе 44,9% адамды құрап отыр [2].

Осыған орай урбанизация процесі кезінде ауылға немесе қалаға алып келер оң және теріс жақтарын қарастырылған жөн.

Оң көзқарас ретінде урбанизация үрдісі экономика дамуына үлесін қосады. Егер ауылдан адамдар келсе қала тұрғындарының саны артады. Ал тұрғындар санының артуы елге түсер қаражаттың өсуіне алып келеді. Ауылдан келген адамдар қаланың көркейуіне үлес қосар болса, онда тек экономика емес қаланың технологиялық, мә-

дени және саяси әл — ауқатыда өсіп өркендейді. Мысал ретінде америкалық ғалым Адам Аланның айтуы бойынша ауылда тұратын тұрғындардың тез үйреніп алу қабілеті қалалық тұрғындарға қарағанда 3 есе жоғары кетеді. 2004 жылы жүргізілген қала мен ауыл адамдарынан тест алу барысында ауыл тұрғындарының 42,5% қабілетті болып шыққан ал қала тұрғындары 39% құраған [3]. Демек ауылдық адамдар жақсы дамыған, ол айтпаса да белгілі ауылдық жерлерде таза ауа, егін шаруашылығы, керемет табиғат, ауылдың экологиясы қаланың экологиясына қарағанда бірнеше есе таза. Бұл көзқарсымды қорытып кетер болсам әрине білімді адамдар қазіргі таңда өте қажет, Әрине егер қала дамитын болса, онда біз ауылдық жерлерде дамыта аламыз.

Теріс көзқарас ретінде урбанизация үрдісінің адам өміріне алып келер кері әсерлерінде айта кеткен жөн. Яғни урбанизация экологияға зиян алып келеді. Урбанизация процесі кең ауқым алған жерлердің экологиялық жүйесі әлсірейді. Қала адамдарының саны артса адам әрекетінен шығатын антропогенді факторларда жылдам өседі. Демек экология ластанса адам денсаулығына алып келер әртүрлі зияны болады. Сонымен қатар жастар субмәдениетінің және қалалық ортаның әсері ауылдық жерде шектеулі болғандықтан ауыл жатары арасында жаға ұрпақтан жаттану, аполистік, агрессивтілік секілді процестердің дамуына кедергі келтіреді.

Урбанизация үрдісі негізінен жастар категориясына әсері басқа топтарға қарағанда айтарлықтай, бұл ең алдымен модернизациялық дамуға орай олардың үлкен қалаларға жеке мақсаттарға байланысты (оқу, жұмыс т. б) қоныс аударумен тығыз байланысты. Елдегі тұрғындар нарықтық қозқалыстарға бейімделе алмауына байланысты және жұмысқа деген бәсекелестік секілді әр түрлі мәселелер орын алып отыр. Бұл мәселелерге сонымен қатар «монетизация» түріндегі әлеуметтік қызметтер; жұмыссыздық және қайыршылық деңгейдің өсуі; өмір сүру жағдайы және халықтық бөлінуі, әлеуметтік экономикалық инфракүрылымының нашарлауы, ауылдық тұрғындар қа-

лада жұмыс іздеу тапсырысының өсуі және басқада нарықтық қоғамда жарамсыз әрекеттер қосылды [4]. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыдан және қолдаудан айрылған аграрлық сектордың қызметі және инвестиция едәуір төмен болды. Бұл факторлардың барлығы жұмыссыздық деңгейінің орын алуына және ауылдық тұрғындардың тұрмыс сапасының нашарлауына алып келді.

Қалалар көпшілігінде алуан этносты болып келсе, ауылда бір этносты басым болып келеді. Егер, ауылды жерде дәстүрлі ұлттық мәдениеттің белгілері басым болса, ал қалада сан алуан этностардың түрлі мәдениетінің нышандарын кездестіруге болады. Қалада жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер, театр, филармония, көрмелер және сол сияқты сан қилы мәдениетті құру және тарату құралдарының бай қоймасы шоғырланған болса, ал ауылды жерде бұл мүмкіншіліктер шектеулі. Қай заманда, қай қоғамда да тарихи дауылдардың, төңкерістер мен сілкіністердің ауыртпалығын ауыл тартты. Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыздың — өзекті мәселелерінің бірі ауыл мен қала мәселесі. Осы ауыл мен қалаға қатысты негізгі мәселе қоғамымыздағы урбанизация процесі [5].

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстан қоғамының дамуында урбанизация құбылысына үлкен мән беру керек. Урбандалудың қазіргі әсерінен елімізде үлкен — үлкен қалалық агломерация пайда бола бастады, ал кейбір ауылдар халықтан босап қалды. Бұл мәселеге мемлекетте араласып, реттеу тетіктерін іске қосқаны жөн болар еді. Қазақстан жері кең байтақ, ал онымен салыстыра қарағанда халқының саны аз. Мұның өзі халықтың қайта қоныстану үлгілерін жоспарлауды қажет етеді. Ауыл мен қаланың өзара байланысын жан-жақты зерттеу орынды. Әсіресе стихиялы түрде жүріп жатқан осы процесске мәдени-әлеуметтік, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау жасау алда тұрған маңызды шаралардың бірі. Қазақ қанша қалалық мәдениетті бойына сіңіргенімен оны өзінің менталитетіне сәйкестендіріп қабылдауы қажет. Ал дәстүрлі мәдениет ошағы — ауыл.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 17 қаңтар, 2014 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі.
3. Харви Д. Урбанизация капитала. / Пер. В. А. Вагина. D. Harvey The Urban Experience. — Oxford: Blackwell, 1989.
4. Аликбеков Н. Б. Қазақстандағы урбанизация үрдісінің өзіндік ерекшеліктері // Философия тарихы: классика және қазіргі уақыт. Екінші Қасымжанов оқулары: Қожамқұлов Т. А., Мансуров З. А. — Алматы, 2005. — 325 б. — 25 б.
5. Урбанизация: Қазақстан осы үрдіс халықтың қайта қоныстануына ұласуда // Егемен Қазақстан. — 2003. — 23 шілде.

Қайта Өркендеу дәуіріндегі саяси ойлар

Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
Паридинона Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Саясат адамның ерекше қызметі ретінде ерте кезден ғылыми зерттеулердің пәніне айналды. Алғашында саясат туралы ілім философияның құрамдас бөлігі болып табылды. Ежелгі дүниеде саяси қызметті сараптауға арналған арнайы трактаттар жазылды. Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасу жолындағы елеулі кезең Қайта Өркендеу дәуіріндегі саяси ойлар мен Н. Макиавелли, Т. Мор, Ж. Боден шығармашылығын атай аламыз.

Итальяндық саяси ойшыл Никколо Макиавелли (1467-1527) [1] саяси бытыраңқылық, жеке меншіктік буржуазиялық қатынастарға негізделген мемлекеттік билікке қарсылық білдірді. Ол әлемдік саяси ғылымдар тарихына өзінің биліктің пайда болуы мен мәні, басқару түрлері, саяси процестерге қатысушыларға қойылатын талаптары туралы көзқарастары көрініс тапқан «Патша» [2] атты еңбектің авторы ретінде енді. Бұл еңбегінде ойшыл ерекше орынды саяси лидерлік технологияларына береді. Макиавелли өзінің саяси көзқарастарында саясаттағы шындықтың шынайы шарттарын есепке алатын, саяси қимылдардың тәжірибе пайдасына бағынатын саяси реализм қағидасын ұсынды.

Оның пайымдаулары бойынша, саясаттың жоғарғы ережесі және оның негізгі мәселесі — шешім қабылдау кезеңіндегі мезгілдік сипат пен өзіндік жағдайларға сәйкес келетін қимылдар түрін айқындау. Төтенше жағдайларда, егер халық шын мәнісінде бұзылса, төтенше шаралар қолдану керек. Мемлекетті нығайту үшін барлық құралдарды пайдалану қажет және мемлекет үшін дінді, моральды жоюға болады. Егер мемлекет қауіпсіздігі қабылданған шешімге байланысты болса, ол әділетті немесе әділетсіз, адамгершілікті немесе қатал, игілікті немесе ұятты екендігіне назар аударылмауы тиіс. Бәрін ысырып қойып, оның мемлекет өмірі мен еркіндігін қорғап қалу қажеттілігін ұғынғанымыз дұрыс болады.

Ойшыл арыстан мен түлкі мінездес саясаткерді дұрыс көрді. Билеуші бір сәтте қол астындағыларды үрейлендіру және алдау әдістерін қолданғанын жақтады. Макиавелли ашық түрде дінді пайдакүнемдік тұрғыда қолданылатындығын мәлімдеді. Ол үшін дін — мемлекет қолындағы ықпал жасаудың құралы.

Ойшыл саяси теориясының өзегі ретінде қоғамдық және саяси өзгерістердің қозғаушы күші болып табылатын әлеуметтік күреске негізделген тарихи процесс тұжырымы болып табылады. Ол саяси ғылымдарда бірінші рет саяси қатығыстардың функционалдылығы идеясын ұсынды. Оның пікірінше, басқару түрінің өзгеруі Құдай қалауы немесе адам табиғатымен байланысты емес, күресуші күштердің заңдылықтарға сәйкес қайталанатын қимылдары билікке монарх, аристократия, халықты әкеледі.

Томас Мор (1478-1535) [3] қарастырылып отырған кезеңде социалистік бағыттағы еңбектерге көп мән берген зерттеуші және жоғарыда аталып өткен Н. Макиавелли идеяларына мүлдем ұқсамайды. Өзінің танымал «Утопия» [4] еңбегінде жеке меншік бар кезде әлеуметтік организмнің сауығуына еш мүмкіндік жоқ. Сонымен бірге мынадай пікірлер ұсынады: «Тек жеке меншік бар жерде мемлекеттік істер дұрыс және сәтті жүргізілмейді. Адамзаттың бұдан шығатын бір ғана жолы бар — жеке меншікті толықтай жою».

Ойшыл пікіріне сәйкес, қоғам байлардың сөз байлауының нәтижесі болып табылады. Ал, мемлекет болса, бұл олардың қарапайым қаруы. Олар мұны халықты жаншуда, өздерінің пайдақорлық материалдық мүдделерін қорғауда қолданады. Байлар күштеу, айлакерлік пен алдау арқылы кедей халықты бағындырып, бейшаралық халге түсіреді. Мұндай әрекет мемлекет атынан халыққа міндеттейтін билік жазған заңдар көмегімен де жүзеге асады.

Өз заманындағы қоғамға жанама ретінде өзі ойлап тапқан қоғамдық-саяси мәселелері мүлдем жоқ игілікті мемлекет Утопия туралы айтады. Жеке меншік жоқ Утопияда жердің өзі қоғамдық меншікте. Қоғамға барлық шығарылатын өнім де тиесілі. Барлық тауар отбасымен өндіріледі. Әрбір отбасы нақты кәсіппен айналысады. Отбасылық-кәсіптік ұйым утопиялық қоғамның өндірістік құрылымын жасақтайды. Ауыл шаруашылығы жұмыстарын мемлекеттің барлық тұрғындары бірінші еңбек міндеткерлігі негізінде атқарады. Жұмыс күні 6 сағатқа созылады. Ерекше қызметтегі тұлғалар утопиялықтардың жұмыс жүргізуін бақылайды.

Мемлекеттің мәнін ашу мәселесі француз ойшылы, абсолютизмнің көрнекті өкілі Жан Боденнің (1530-1596) [5] еңбектерінде жалғасын тапты. «Мемлекет туралы алты кітап» [6] атты еңбегінде мемлекетті діни соғыстар алып шығатын қуатты мемлекет туралы жазады. Ол мемлекетті бірнеше отбасының әлеуметтік мәселелерімен айналысатын құқықтық билік ретінде анықтады. Монархты құқықтың жалғыз әрі абсолютті қайнаркөзі ретінде есептеді.

Фалсафашы демократиялық билікте заңдар өте көп, аристократиялық мемлекетте көпшілік басқаратын ұрыскеріске толы билік деп сипаттап, жағымсыз көзқараста болды. Басқарудың тиімді түрі ретінде монархияны ерекшелеп атап көрсетті: күзіреттілікпен қамтамасыз етілген (кеңесшілер өте көп); билік жігерлілігі мен қайраттылығы (шешімді бір билеуші қабылдайды).

Ойшыл адамзат қатынастарының барлық түрлерін ерекшелейтін мемлекеттің негізгі белгісі ретінде құқықтық басқару мен егемендікті атап көрсетті. Оның пікірінше,

егемендік орнықты және абсолютті билік, заңды шығару және орындалуын талап ету құқығы. Ж. Боденнің егемендік тұжырымдамасы саяси теорияға қосқан маңызды үлесі деп ойлаймыз. Ол жалпы және бөлінбейтін егемендік идеясын дамытып, оның монархияда жүзеге асырылатынын айтты. Кейін монарх абсолюттік билігінің мәнін француз королі Людовик XIV мына сөзбен ашып бергендей: Мемлекет — бұл мен.

Сондықтан егемендік халыққа емес, билеушіге тиесілі болып шықты. Абсолюттік монархияның жақтасы ретінде билеушіге Құдай немесе жаратылыс заңдарына бағыну қажеттілігін, азаматтардың бостандығы және меншігін құрмет тұту керектігін айтады. Ойшыл меншікті қорғаудың

маңыздылығын ескере келе, билеушінің салық жинау ісіндегі құқығын шектеуді ұсынады. Ж. Боден бойынша монархияның міндеттері: теократия, феодалдық орталықсыздандыру мен сословиелік бытыраңқылыққа қарсы тұру.

Тақырып ауқымының кеңдігіне байланысты зерттеу жұмысында барлық негізгі мәселелер мен түсініктерді айқындау қиынға соғады. Бұл кезеңдердің саяси ой-пікірлері сапалық жағынан жоғары деңгейге көтерілуімен қатар, өз дәуірінің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі ерекшеліктерін жоғары бағалаймыз. Жалпы зерттеу жұмысының негізгі нәтижелерін жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде пайдалану арқылы өз тиімділігін әкелетіндігіне сенімдіміз.

Әдебиет:

1. Жиль К. Никколо Макивелли. — М.: Молодая гвардия, 2005. — 238 с.
2. Макиавелли Н. Государь. — М.: АСТ, 2006. — 176 с.
3. Тарле Е. В. Общественные воззрения Томаса Мора в связи с экономическим состоянием Англии его времени. — М., 2010. — 164 с.
4. Мор Т., Кампанелла Т. Утопия. Город солнца. — М.: Алгоритм, 2014. — 256 с.
5. Баязитова Г. И., Митюрёва Д. С. В преддверии рождения государства: язык, право и философия в политической теории Жана Бодена. — Тюмень: Издательство Тюменского госуниверситета, 2012. — 240 с.
6. Политология: хрестоматия. — М.: Гардарики, 2000. — 843 с. — С. 443–446.

Тарихи зерттеулер жүргізудің әдістері

¹Паридинова Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы;

²Оразов Талгат Болатович, экскурсовод

¹«Болашак» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

²«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы (Түркістан қаласы, Қазақстан)

Тарихи зерттеулерді жүргізуге арналған көптеген жалпығылыми және арнайы әдістер қолданылады. Зерттеу жұмысы барысында негізгі әдістерінің мәні мен түрлеріне тоқталуды жөн көрдік.

Нарративті немесе сипаттамалық-баяндамалық әдіс. Ұғым өзара байланысты оқиғалардың оқырман немесе тыңдарманға сөздер мен бейнелер реттілігіне қарай жеткізуді көздейді. Түсінік сипаттама және баяндама ұғымдарымен тығыз байланысты болғандықтан әдістің екінші атауы да қосарлана айтылады. Баршамызға белгілі, тарих оқиғалар туралы баяндайтын ғылым саласы. Story сөзінің өзі баяндау, әңгіме деген мағына береді. Сондықтан жоғарыда аталған әдістің рөлі өте жоғары деп санаймыз.

Бүгінде нарратив адамзат ойлауының жаратылысына тән қасиеттерге ие деп танылады және түсінік пен мәдени тәжірибе, ғылыми зерттеулер мен білім беру технологиялары, әлеуметтік өзара байланыстарды ұйымдастырудың нысаны ретінде қарастырылады. Бұл көзқарастың қалыптасуын Й. Броймейер мен Р. Харре 1980 жылдарға жатқызады. Олардың пайымдауларына, «баяндаудың ауызша және жазбаша түрлері табиғат және өмір сүру талпыны-

старының іргелі психологиялық, лингвистикалық, мәдениеттанулық және философиялық негіздерін құрайды. Адамның жасырын ойларын ұғыну өмір сүру түрлерінің мағынасын түсіндіру және жасау мүмкіндіктерін қалыптастырады. Осы шеңберде нарратив көмегі арқылы өз тәжірибеміздің жіктелімі және күрделі мәнін түсінеміз. Нарратив түсінігінің мәні өзіміздің еске түсіру, талаптарымыз, өмірлік тарихымызды ұйымдастыру арқылы сауалдарды жиынтықтау және кеңейтуді көздейді» [1, 29–42].

Салыстырмалы әдіс. Салыстыру ғылыми танымның негізгі қағидаларының бірі. Әдіс ғылыми зерттеулерде кеңінен пайдаланылуына байланысты танымның жаратылыстану және қоғамдық салаларында қолданылады. Ежелгі дүниеде қайталанатын құбылыстарды бақылау арқылы оның себептерін түсінуге тырысқан. Салыстырмалы әдістің негізі ретінде нысан мен құбылыстың үйлесімділігін айқындайтын ұқсастық заңдылықтары саналады. Осы әдісті пайдалануға байланысты құбылыстардың жалпы заңдылықтарын айқындауға, қоғамдағы өзгерістер мен даму үдерістерін анықтауға болады. Салыстырмалы

әдісті қолдану тәжірибесі көрсеткендей, берілген әдіс негізінде ғылыми-танымдық шешімдермен қатар, маңызды қолданбалы міндеттер айқындалады.

Салыстырмалы әдісті қолдану барысында мына мәселелерге ерекше назар аударылады: салыстырмалы тәсілдің қолдану саласы, нақты әдістерінің ерекшеліктерін теориялық негіздеу; ұқсас ахуалдарды іріктеу өлшемдері; маңызды құндылықтарға сипаттама беру; қорытындыны қалыптастырудың негізгі кезеңдерін белгілеу; аралық нәтижелерді талдау, өзгерістер енгізу; салааралық ерекшеліктер бойынша шет елдік тәжірибені талдау; салыстырмалы тәсілдің түрлі кезеңдерінде математикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктері.

Типологиялық әдіс. Әдіс әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Салыстырмалы әдіс сияқты салыстыру тәсілдеріне сүйенеді. Бір-біріне ұқсас құбылыстар мен процестер тобын айқындап, нақты тарихи шындықтың логикалық моделі ретінде қорытындылар жасайды. Типология зерттеуші санасында ойлау нысандарын құруға негізделеді. Оның негізі болып табылатын түр зерттеліп отырған құбылыстың маңызды келбетін айқындайтын ізгі құрылым.

Тарихи зерттеулердің маңызды әдістерінің бірі болып табылатын тәсіл арқылы жіктеу міндеттері жүзеге асады. Типологиялау негізіне нысандар немесе құбылыстар жиынтығының маңызды белгілерін есепке ала отырып біртекті сыныптарға бөлу жатады. Әдіс жіктеу негіздерін таңдау қағидаларын сақтай отырып, нысандар жиынтығының сапалық табиғатын айқындайды. Сараптамалық тәсіл ретінде ақиқатты абстракциялау мен оңайлатуды көздейді.

Құрылымдық әдіс. Латынның *structura* сөзі «құрылым, орналасу» деген мағына білдіреді. Берілген әдіс жүйе ішіндегі тұрақты байланыстарды айқындап, олардың негізгі қасиеттерін сақтауды қамтамасыз етеді. Осыған сәйкес, тәсілдің жүйелік әдіспен жақындығы байқалады.

Сондықтан, кейбір кездері жүйелік-құрылымдық тәсіл деп атап көрсететін ғалымдар да кездеседі.

Структурализмнің қайнар көзі лингвист Ф. де Соссюр және әлеуметтанушы Э. Дюркгейм еңбектерімен байланысты. Саланың дамуына ағылшын антропологы А. Рэдклифф-Браун мен Кеңестер елінің фольклоршысы В.Я. Пропп еңбек сіңірді. Әлеуметтік ғылымдардағы структурализм туралы француз ғалымы К. Леви-Стросс [2, 512] өз еңбегінде баяндады.

К. Леви-Стросс бойынша әрбір құбылыс немесе процесс барысында жасырын құрылымдық байланыстар орын алады. Антрополог міндеті — осы байланыстар құрылымын айқындау. Ғалым берілген әдісті аңыздар, тотемизм, әдет-ғұрыптар мысалында әзірледі. Нәтижесінде әдіс психологияның санасыздық құрылымдарында пайдаланыла бастады.

Жүйелік әдіс. Әдістің алғашқы негізгі қағидаларын биолог Л. фон Бергаланфи [3, 23–82] қалыптастырды. Әдісті әзірлеуге математик Н. Винер, психиатр У. Эшби ерекше мән берді. Отандық әлеуметтік ғылымдарда М.С. Машан [4, 208] ғылыми еңбегінің маңыздылығы жоғары.

Жүйелік әдістің негізгі қағидалары төмендегідей: тұтастық — жүйені және жүйешікті жалпылай қарастыру; иерархиялық құрылым — басқарушы және басқарылушы жүйешіктерінің өзара байланыстары; құрылымдау — жүйе бөлшектері және оның өзара байланыстарын талдау; тәсілдер көптігі — жалпы жүйені және оның жеке бөлшектерін кибернетикалық, экономикалық және математикалық модельдер арқылы сипаттау; жүйелілік — нысанның барлық қасиеттерінің белгілерін анықтау.

Бір мақала шеңберінде тарихи зерттеулер әдістерінің мәні мен түрлерін ашу мүмкін емес. Сондықтан зерттеу тақырыбына байланысты көптеген ғылыми жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалады. Бұл зерттеулер әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен айналысатын сала мамандарына көп көмегін беретіндігіне сенімдіміз.

Әдебиет:

1. Брокмейер Й., Харре Р. Нарратив: проблемы и обещания одной альтернативной парадигмы // Вопросы философии. — 2000. — №3. — С. 29–42.
2. Леви-Стросс К. Структурная антропология. — М.: ЭКСМО-Пресс, 2001. — 512 с.
3. Бергаланфи Л. фон. Общая теория систем — критический обзор // Исследования по общей теории систем / Отв. ред. В.Н. Садовский, Э.Г. Юдин. М.: Прогресс, 1969. — 520 с.
4. Машан М.С. Политическая система Казахстана: трансформация, адаптация, целедостижение. — Алматы, 2000. — 208 с.

Ахлақ пен әдеп мәселелері

Садуақасов Мағауия, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы;
Паридинова Ботагөз Жаппаровна, философия магистрі, аға оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі нарықтық қатынасқа негізделген қоғам құру барысында маңызы арта беретін әлеуметтік қатынасқа қатысты айтар болсақ, әңгіме ең бірінші қоғамның ізгілік бағытында ілгерілеуін ғылыми тұрғыда бағыттауды теориялық жағынан негіздеуді тереңдете, әрі кеңейте түсу жөнінде болуы қажет. Бұл өз кезегінде әдептің әлеуметтік қоғамның ізгілік үдерістерін басқарудың ғылыми негізі ретінде әлеуметтік ахлақпен қарым-қатынасы ұстанымдарын зерттеуді жан-жақты қажет етеді.

Ахлақ пен әдептің қарым-қатынасы туралы сұрақ әріден келе жатқан «ауыр» сұрақтардың бірі. Бұл сұрақты қарастыру барысында ежелден еңбекші бұқараны езгіде ұстаған үстем таптың мүддесін қорғаған әлеуметтік ғылым мен идеологияға деген еңбекшілердің сенімсіздігі көзге ұрып тұратын. Осының нәтижесінде ахлақ ұстанымдарын ғылыми тұрғыда зерттеу ахлақи іс-әрекеттерде, адамдар арасындағы ізеттілік қарым-қатынастарының жақсаруына еш әсер ете алмады деген көзқарас дәстүр ретінде қалыптасты. Бұл көзқарастың көрінімдері мүдде қарама-қайшылығы айқын байқалатын езгідегі және үстем таптардың болуына негізделгендігі және осыған сәйкес ахлақи ұғымдар жүйесінің болуы қазіргі өтпелі кезеңде де «жолы болғандар» мен «шарасыздық шырмауындағылар» арасында да қылаң беріп қалуы ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды.

Ахлақ және әдеп теориясының бәрінен бұрын осы қазіргі кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне тиесілі ұғымдар мен заңдылықтарды қарастыруы қоғамда бір жүйе ретінде тиянақталатын ахлақ пен әдептің бірнеше жалпы өсу нүктесі бар екендігін байқатады. Ол нүктелер: бұлардың пайда болу тегінің (генезис) ортақ болуы, ахлақтық рефлексия (ой тую, өз ойлары мен ахлақтық жорамалдарын талдап, саралау) мен нақты әдептік зерттеулер жүйесіндегі әр түрлі мамандықтар арасында пайда болып, дамып, өркендеу үрдісіндегі ахлақ пен әдептің кірігіп кетуі үдерісі, ахлақтық іс-әрекеттер мен әдептік идеологияның бірігуінің іске асуы нәтижесінде қазіргі заманғы қоғам мүшелерінің рухани жетілуі мен нарықтық заманға лайық тұлғаның мінез-құлқының қалыптасуы.

Әдепті қалыптастырушы ерте грек ойшылы Аристотельдің пайымы бойынша әдеп жасөспірімдерді парасатты өмір арнасына бағыттауы тиіс ақыл-кеңестер жинағы болуы керек еді. Әдеп туралы оның бірінші шығармасы да осылай аталады. «Никомахқа -әдеп туралы» (Никомах-Аристотельдің ұлы). Әйтсе де адамзат тек қана бастамашылардың ойға алғандарын орындаумен шектеліп қала алмайды. Осыған орай бүгінгі әдеп туралы жарияланып жатқан мыңдаған ғылыми еңбектердің ішінен ішінара

бір-екеуі ғана жастарға ақыл айту мен оларды түзу жолға салу туралы болуы мүмкін. Сондықтан, адамзат қалыптасып орныққан ойлыақыл әрекеттері түрінің бастапқы түсіндірілуі мен түпкі мақсатын өмір иірімдері мен әрекеттің дамып жетілуі заңдылықтарына орайластыра жүргізеді. Және бұл адамзаттың жаңа, бұрынғыдан жетілген, анағұрлым шуақты өмірге жеткізер қасиетті құқығы да. Аталған үрдіске қатысы бар әрбір жеке тұлғаның міндеті ретінде көрінетін осы құқықсыз адамзат көркемөнерде — этностан, ғылымда — жер өлшеуден, пәлсапада — күнделікті өмірдегі пайымдылықтан, әдепте — нақты өзі көріп тұрған, өмір тәжірибесінің беткі қабатын ғана сезінуге негізделген әрекеттен туған сөз арқылы әсер етуден аса алмас еді.

Әдеп қалай пайда болды? Оның өз бойында ахлақтық пайымдаулардан не бар және өзінің дербестік деңгейі қаншалықты? Әдептің пайда болуына ахлақ қаншалықты септігін тигізеді? Бұл сұрақтарға жауап беру оңай емес. Бұл жерде сөздің пайда болуын анықтау және оның өз немесе басқа тілдегі сөздерге туыстық қарым-қатынасын анықтайтын этимологияның да көмегі аз болады. Әдептің қалыптасуы мен дамуы тарихынан алынған жекелеген фактілердің де берері аз. Ахлақтың өз бойында, дәлірек айтқанда ахлақтық естің әрекеттерінде осы естің көмегімен реттеу мүмкін болмайтын жағдай қалыптасуы ықтимал еді. Бұл жағдайлар ахлақтық естің сол естіліктің шеңберінен тысқары шығып, әлемді көріп — танудың жаңа деңгейіне шығуына итермелейді. Бұл ретте ахлақтық естің бұрынғы тәсілдері «құндылықтарды қайта қарау» арқылы іске асырылуы мүмкін емес еді, әйтсе де бұл тәсілдер де нақтылықты пайымдаудың бұрынғы шекарасынан анағұрлым тысқары кетті. Неге бұлай? Өйткені, «құндылықтарды қайта қарау»дың кез келген әрекеттері ахлақтың өзі мен ахлақтық естіліктің тағдырына із салмай кетпейді. Ол бағалаудың бұрынғы қатып — семген қалыбынан арылуды, ахлақты бақылауда ұстау мүмкіндігінің шегін нақтылауды қажет етеді. Әйтсе де ахлақ өз әрекеттерінде кей мәселелерді шешу қажеттілігін туындатады, бірақ ол мәселелерді шешпейді. Өйткені, оның өзі де қоғам мен жеке тұлғаның өмірлік мәселелерін игерудің тәсілі ғана. Ахлақ аймағынан теория ретінде әдеп кеңістігіне жедел түрде танымдық, ғылыми және нақты ахлақтық сұрақтар (бағалаушы және өлшемдік) енеді. Ахлақ «ізгілік құндылықтарына не нәрсе тән, олардың табиғаты қандай?» деген сұраққа жауап бере алмайды. Ахлақтық естілік себеп, талпыныс пен нәтиже бір-біріне сәйкес келмейтін ұстанымдық тұрғыда жаңа әлеуметтік құбылыстарға баға беру кезінде кәдімгідей қиыншылыққа кезігеді.

Осы кезде көмекке әдеп келе алады. Әйтсе де, аталған мәселелер ахлақтың әлеуметтік міндеттерін атқаруда өте қажетті бола отырып, ахлақ теориясы ретіндегі әдептің құрамды бөлігі ғана болып қалады. Олар «Ахлаққа не жатады?» және «Не нәрсе ахлаққа сай?» деген сұрақтар төңірегінде топтасады. Әдептік теорияның маңызды мәселелері ретінде сондай-ақ «ахлақтың мәні мен табиғаты қандай?» — деген сұрақты атауға болады.

«Ахлаққа не жатады?», «Не нәрсе ахлаққа сай?» және «Ахлақ дегеніміз не?» — осы үш сұрақ ахлақ туралы арнайы ғылымның жалпы нобайын құра отырып, әр түрлі әдептік ілімде шешуші мәнге ие болады. Олар өз мәні бойынша «Қалай өмір сүру керек?» «Не үшін өмір сүруі керек?» деген ізгілік сұрақтарынан өзгеше болады. Әйтсе де олардың арасында өзара байланыс та, өзара бағыныштылық та бар. Ахлақ көбіне өмірлік ұстаным туралы сұрақтарды қарастырып, ал әдеп адамдардың ахлақтық естілігіне әсер етуге, ахлақтық бағдарлама мен талаптарды қалыптастыруға немесе ахлақтың қоғам мен жеке тұлға өміріндегі маңыздылығын негіздеуге талпынады.

Ахлақ пен әдептің өзара қатысы жоқ, олардың даму барысында да өзара әрекеттес болмағандығы туралы пікір бұрын да болған, қазір де бар. Кейде былай деп те айтылады — ахлақ барлық адамзат қоғамына тән, ал әдеп тек батыстық, нақтырақ айтқанда еуропа мен американың мәдениетіне тән. Шығыс әлемі әдепті ахлақ теориясы ретінде біле бермейді деген мағынада. Бұдан басқа да көптеген тұжырымдар айта отырып, ахлақ өз жолымен, ал әдеп өз жолымен дамып, өркендейді деп есептейді. Әйтсе де мұның барлығы ахлақ пен әдеп бір —біріне еш әсер етпестен, тек қатар өмір сүреді дегенді білдірмейді.

Ахлақтың жалпы мәселелерін жинақтап қарастыра алу деңгейіне көтеріле отырып, әдептің ғылым ретінде ұтары не? Бұл үдеріс ахлақи қажеттіліктерді қанағаттандыру керектігінен туындай ма, әлде ол мәдениеттің рухани және заттық-нәрселік бөлігін ажыратып бөлу нәтижесі ме? Әдептің даму тарихын арнайы мақсат қоймай жай ғана қарастыру оның қоғам дамуындағы рухани және заттық-бұйымдық өмір қажеттіліктеріндегі үлкен алшақтықтың әсерін өте қатты сезінгенін, бұл екі мәдениеттің бір-бірінен бөлініп қалғандығын айғақтайды. Әдеп мамандарының пайымдауларында көбіне ештеңеге қатысы жоқ, ізгілік мәселелерін құрғақ ақылгөйсу, немесе әшейін бас қатыру деп қабылдайтын көңілі мейрам тұлға бой көрсетеді. Дей тұрғанмен, қалай аталса да -жәй ғана пайымдылық, пәлсапа, бейқам іс-әрекет пәлсапасы делінсін, әр уақыт әдептік зерттеулер ізгіліктегі алға басушылықтарға алғышарт болуы, жеке адам мен адамзатқа қорған болуы қажет. Ахлақтық естілік те осы аталғандардың болуын қалайды. Сондықтан іс-әрекеттік идеология түрінде қарастырылатын әдептік ойлау тарихы бір жағынан адам мінезінің негізі мен мәнін іздеуде таң қаларлық, ал кейде жан түршігерлік адасуларға тап болады, екінші жағынан оның өзі өз зерттеу пәніне барынша терең бойлауға талпынуын тоқтатпай, адамзат пен өзі өмір сүрген уақытына барынша адал қызмет етуге тырысады.

Бұрынғы кеңес заманындағы әдеп маманы А.А. Гусейновтың айтуынша: «Тарихи ұзақ уақыт бойы ізгілік үдерістерін зерттеушілер қатарында шығармашылық әлеуеті ең зор, ақылман тұлғалардың болуы ахлақтың жеке тұлға мен адамзат өміріндегі орасан зор маңызын, адам баласының ізгі естелік деңгейінің өте жоғары екендігін көрсетеді».

Егер бұл мәселені тұтастай қарастырар болсақ, оны төмендегідей көрсетуге болады: номиналды түрде және іс жүзінде әдеп ахлақ теориясы ретінде құл иеленушілік қоғамда ой еңбегі мен дене еңбегі, рухани және заттық-нәрселік құндылықтар қарама-қайшылығы жағдайында пайда болған. Әйтсе де өз пайымы бойынша нақты үдерісті сипаттайтын кез келген теория секілді әдеп те ізгіліктің нақты құбылыстарын зерттеумен айналысты да, бұл ізденістер ойлау тарихында тәңір сыйы (благо) әдебі, борыш әдебі, мінез әдебі, жоғары құндылық (идеал) әдебі, бейнелеу әдебі (дискриптивті) және бейнелеуге дейінгі немесе өлшемдік (прескриптивті) әдеп ретінде көрінеді. Әдеп естілігі қаншалықты тар деңгейдегі, тіптен адам ахлақтылығының теріс үлгісін ұсынғанымен, бұл үлгілер сол замандағы ахлақтың алдында тұрған мәселелерді қамтиды. Сондықтан, әдептік зерттеулердің жүргізілуі және өркендеп дамуы ізгіліктің алға басуының кешенді алғышарты болып табылады. Одан бөлек, әдеп, біздің ойымызша ахлақтың дамып жетілуінің сенімді көрсеткіштерінің бірі.

Ахлақтың тек белгілі бір деңгейде дамып-жетілуінен кейін ғана оны тұтас күйінде теориялық тұрғыда зерттеу, ғылыми білім жүйесінде жеке пән ретінде жаңғырту мүмкін болады. Дамыған теорияның пән болуы үшін зерттелуші объект қандай шарттарға сай болуы керек деген сұрақ қазіргі заманғы ғылыми әдістеменің шешуші сұрағы болып табылса, әдеп үшін оның маңызы тіптен ерекше. Ал енді біз ахлақтан әдепке өтуді теориялық тұрғыда көз алдымызға елестетіп, бұлай ауысудың қажеттілік негізін анықтауға талпынып көрелік. Ғылыми әдебиеттерде бұл туралы әр алуан пікір бары белгілі. Күнделікті әңгімелесу сәттерінде «ахлақ» пен «әдеп» терминдері көбіне синоним ретінде кездесе береді. Әдеп белгілі бір шамада ахлақтық естеліктің теориялық деңгейін білдірсе, ахлақ әдеп жүйелеген идеялардың, идеалдардың іске асу аймағы, жақсылық пен толымды адамға сай мінез қалыптастырушы ретінде көрінеді. Мұнымен қатар әдеп туралы әдебиетте әдеп теориясына ахлақтық бағалауларды енгізбеуді, жалпы жетілген «теорияны» кәдімгі ақыл айту деңгейіне түсіруге болмайтыны туралы жазылады. Бұл пікірмен бір уақытта ізгілік мәселелерін әдептік тұрғыда зерттеудің соңғы нәтижесі теорияның ахлақтық естелікке тегеурінді әсер етуі екендігі де мойындалады.

«Ізгілік метафизикасының негізі» деген еңбегінде И. Кант та жеке тұлғаның естілігі мәселесін теориялық тұрғыда саралауға талпынды.

Ахлақтың ақылдың пайымы, әрі мұнымен бір сәтте ақылдың тәжірибеге дейінгі априорлы таңдауы да екендігі туралы жалпы концепциясына сай И. Кант танымал ізгілік

философиясынан ізгілік метафизикасына, яғни ахлақтық мәселеден философиялық әдептік мәселеге ауысуды жоспарлады. «Табиғи диалектикада», әдеттегі ахлақтық пайымдауларда «борыштың қатал заңдарына кереғар ақылғөйси отырып олардың ықтимал күш-қуатына, таза-лығы мен қаталдығына күмән келтіруге, мұнымен қатар мүмкін болған жердің бәрінде бұларды біздің қалауымыз бен бейімділіктерімізге барынша сай етуге» тырысты

И. Канттың пікірінше, егер өз мәдениетін дамытатын болса, кәдімгі іс-әрекеттік естеліктің де өн бойында біртіндеп философиядан көмек іздеуге мәжбүрлейтін диалектика пайда болады. Жеке тұрғаның ахлақтық естілігінде ахлақтық бұйыру мен табиғи талпыныстар (тек осылар ғана емес), пәлсапалық және дүниетанымдық ұйғарымдар адамдардың ахлақтық борыш пен жауапкершіліктің ауыр жүгін өзінен алып тастауға талпынысына тосқауыл қоятын соңғы инстанция ретінде көріне алады. Шынында да ахлақты ғылыми негіздеуге қабілетті философияға жүгіну борыш пен жауапкершілікті сезінуді бекіте түсудің қайнар көзі бола алады да, жоғарыда аталған талпынысты жоюға ықпал етеді. Сонымен қатар ғылыми негізделмеген «ақылғөйсу» адамды ахлақтық талпыныстарды жоққа шығаратын немесе керек қылмайтын ұстаным деңгейіндегі токмейілсуге әкелуі мүмкін. Әйтсе де, И. Канттың ұйғарымдарының кемшілігі жеке тұлғаның ахлақтылығының бір ғана негізі априорлы (тәжірибеден тәуелсіз, о бастан адам естілігіне тән), эмпирикадан тыс ақылдың қабілетінде деп білуі (В. Ганжин). Осылайша әдеп, немесе И. Канттың терминологиясында «ізгілік метафизикасының міндеті тек қана «ізгілік ұғымының табиғи динамикасы», «таза іс-әрекеттік ақылдың, дәлірек айтқанда философияның күнделікті ахлақтық естіліктегі қолданатын тазартушы (әрекет нәтижесін және бүкіл мазмұнын) тәсілі болуы тиіс деген ұйғарым жасауға болады». Осылайша, И. Кант айтқандай, «ахлақтық түсініктер ақылда философия мен әдептегідей априорлы (о бастан, тәжірибеге дейін), әрі қарапайым, қатардағы адамның естілігінде пайда болады. Егер осылай болса, әдептік теория айналып келгенде тек ахлақтық естіліктің өзін өзі анықтаудағы өзінше бір рухани ұмтылыс болып қалады да, әдептік теория деп атаудан бас тарту керек болады. Өйткені, теория дегеніміз ақылдың белсенді әрекетінің нәтижесінде объектінің тұтас болмысы мен байланыстарын қайта жасақтайтын нақты білімдер жүйесі. «Таза ақылды сынау» деген еңбегінде И. Кант дәлелдегендей, теория объектінің тұтас болмысының кездейсоқ бейнесі емес, ақылмен іске асырылған категориялық бірігу және объектінің жалпы байланыстары мен заңдылықтарын көрсетуші. Теорияны, ол осылай атала алуы үшін эмпирикалық контекстен «жоғары» көтеру керек, ол қаншалықты ауқымды болғанымен сезімдік тәжірибеден туындамауы тиіс. Егер тәжірибеде адам нақты әлеммен, нақты бар объектермен байланыста болатын болса, даму кезеңіндегі ғылыми білім түріндегі теорияда бұл әлем тікелей емес — арнайы түсінікті құрылымдар арқылы нақты объектердің заңды байланыстары мен қарым-қатынастарын бейнелейді.

Әдеп өзінің ғана емес, философия мен мәдениеттің де шешілмеген мәселелерін қарастыруы себепті өзінше бір ғылым ретінде байқалғанымен, оған да өз пәнінің теориясы ретінде жалпы ғылыми талаптар қоюға болады. Одан бөлек, әдеп тарихында теория да, ғылым да ахлақтың өзі деген пікірлер кездеседі. Осылай ойлау үшін де белгілі бір негіздер болды. Ғылыми жұмыстардың терең маманданған мәні анықталмай тұрғанда, яғни XX ғасырдың ортасына дейін ахлақты жастарды түзу жолға салу мен білім деп білді. Оқыту мен тәрбиелеу үдерісін, дәлірек айтқанда — осы үдерістің мақсатын, тәсілі мен мазмұның ахлақ деп білді. Ағылшынның XVII—XVIII ғасырдағы философтары Локк пен Юм да осылай деп есептеді, ізгілік ғылымы туралы Н.Г. Чернишевский де осы мағынада жазды. Бүгінгі күні де «кәсіби ахлақ», «кәсіби әдеп «терминдеріне осындай мағына беріледі. Ахлақтың өзінің мәдениетте қол жеткізген зор беделі, адам өміріндегі биік мақсат пен сол мақсатқа қол жеткізу жолдарын айқындауға жауапты болуы арқылы қалыптасқан «ахлақ» ұғымының мағынасы бізге дәстүр арқылы да жеткен. Дәстүрді онымен ұқсас құбылыстармен, ең алдымен құқық, салт - санамен салыстыра қарастыру ахлақтың неліктен осындай кең ұғымда түсінілу себебін анықтайды. Әйтсе де, мұнымен бірге ахлақты бұлай түсіндіруде адамзат өркениетінің ғылыми — техникалық прогресс кезеңінде де, қазіргі постиндустриалдық заманда да байқалатын ахлаққа артар үміті көрініс береді. «Ізгілік метафизикасы» және оның ахлақтан немесе қалыпты әс-әрекеттегі ақылдан айырмашылығы туралы жазған Кант әдеп теориясының маңызды жақтарын жақсы ерекшелей білді. Әдептік зерттеулер аясында ахлақ бір жүйеге келтірілген құбылыс бергілерінің көптүрлілігі ретінде қарастырылуы және зат немесе нәрсе ретінде бір пайымда түсіндірілуі тиіс. Мұндай әрекетті іске асыру ахлақтың мәні не екеніндігін түсіндірумен де айналысып жүрген ахлақтық естіліктің қолынан келе қоймайды. Өйткені, ол біріншіден ізгілікті іс — әрекет арқылы шешудің шарттарына, екіншіден осыларды бір жақты шешу мақсатына байланысты.

Егер бұл жағдайда ахлақтық естіліктің сіңірген еңбегі жеке тұлға өмір сүретін әлеуметтік ортаның ізгілік мәнін тану және жеке тұлғаның заңды ізгілік бейнесі болса, әдеп пен әдептік естіліктің сіңірген еңбегіне ахлақтың дамуының қоғамдық тұрмыспен өзара әрекеттесу заңдылықтарын тану және осы дамуды түсінік арқылы қамтамасыз ету, алдағыны болжау (жаңа түсініктерді қалыптастыру және саралау, дәстүрлі түсініктердің мәні мен мазмұнын кеңейту) болып табылады.

Әдептік теория ахлақтық естілікте пайда болатын жалпылама және әйтеуір ойда жүрген (абстрактылы) мәселелерді шешу барысында ғана пайда болады деп білу қате болар еді. Ол мәселелер жеке тұлғаның өз мінезінің дұрыс бағдарын таңдай алуы, өмірдің мәні, өмірдің адам және адамзаттың тіршілік болмысындағы алар орны және т. б. Ахлақтық естіліктің қажеттіліктері әдептің пайда болуына керекті құнарлы топырақ болып табылады. Әйтсе де әдептің мүмкіншіліктері мұнымен шектелмейді. Мейірім дегеніміз не, ахлақ қандай құрамды бөліктерден тұрады

және ізгіліктің ерекшелігі неде деген сұрақтарға ахлақ деңгейінде жауап бере алмайсың, бұл деңгейде тіптен мұндай сұрақты қоя да алмайсың. Әйтсе де әдеп теориясы үшін олардың үлкен маңызы бар. Сондақтан, адам мінезіне қойылар талаптарды теориялық тұрғыда қатаң түрде негіздеу керек, күнделікті қолданыстағы түсініктердің де теориялық тұрғыда қажеттілігін айқындау, ал өлшемдік әдеп-ахлақ теориясы арқылы негізделуі тиіс деген И. Кантты түсінуге болады.

Әдеп теориясының ең үлкен кемшілігін Кант: «Ақылы жоқ басты күнделікті мылжыңдасуға әбден жарайтын әр тараптан жинақталған көрген, білген, естігендері мен жартылай ойдан шығарылған ұстанымдардың жүрек айнытар қойыртпағын түзетін теориялық және ахлақтық ар-

гументтердің жинтығы болуымен рахатқа бөлейтіндігінен» деп білген. Канттың категориялық императиві назарға ұсынылған 1788 жылдан бастап іс-әрекеттегі ахлақтық естіліктердің солай деп есептегендерінен қол үзіп, тек белгілі бір ахлақтық ұйғарымдарды қаперге алудан тысқары шығуы сәтінен бастап әдеп теориясының тарихы басталды.

Бүгінгі күні ең негізгісі әдептік білімнің мәнділік анықтамасын зерттеу мен осы білімді игеру тәсілімен байланысты сұрақтар болып табылады. Бүгінгі нарықтық қоғамда ахлақ әлеуметтік басқару және даму факторына айналған шақта көкейтесті ізгілік мәселелерінің барлығының жиынтығын тұтас қамтитын ғылыми-теориялық ізденістер қажет болатыны айқын. Осыдан барып әдептің мәні мен міндетін ерекше түсіну қалыптасады.

Әдебиет:

1. Ганжин В. Этика и формирование нравственности. — М., 1978.
2. Дробницкий О.Г. К вопросу о специфике морали. // В сб. «Предмет и система этики». — М., София, 1973.
3. Гусейнов А.А. Проблема происхождения нравственности // Философские науки». — 1964. — №3.
4. Кант И. Соч. в 6 т. — М., 1965.

Влияние ионизирующего излучения на ростовые процессы ячменя в ранних этапах онтогенеза

¹Тохетова Лаура Ануаровна, доктор сельскохозяйственных наук;

²Абдукамалова Гулназ Оразбаевна, учитель биологии;

²Піржан Камшат, учащаяся 11 класса

¹Казахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева (г. Кызылорда, Казахстан)

²Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления (г. Кызылорда, Казахстан)

Стратегия селекции сельскохозяйственных культур в регионе Приаралья, предусматривает создание устойчивых сортов, определяемая высокой продуктивностью, скороспелостью, с благоприятным сочетанием межфазных периодов, интенсивностью начального роста, с низким поражением или устойчивых к болезням и вредителям, с высоким качеством зерна. Однако для создания таких сортов потребуется много времени и сил. Кроме того, они пригодны лишь для благоприятных условий выращивания. А сегодня нужны сорта, дающие пусть не очень высокие, но гарантированные урожаи, т. е. хорошо приспособленные к различным способам возделывания в конкретных зонах, и кроме того, отвечающие традиционным вкусам потребителя. В этом отношении, при выведении новых сортов, приспособленных к конкретным почвенно-климатическим условиям отдельных зон рисосеяния, значительная роль отводится радиационной селекции, которая позволяет получить мутантные линии, отличающиеся устойчивостью к абиотическим стрессовым факторам, а также значительно сокращающая сроки выведения новых сортов путем прямого размножения мутантных линии с комплексом положительных признаков.

Решающее значение в преодолении сортовой унификации и сохранения генетического разнообразия имеет исходный материал, обновление которого осуществляется с широким использованием потенциала мировой коллекции, внутри- и межвидовой гибридизации, индивидуально-семейного отбора, а также индуцированного мутагенеза, который рассматривается во всем мире как источник создания принципиально новых исходных форм, что позволяет расширить возможности синтетической селекции.

Целью исследований является изучение эффективности ионизирующих излучений на сортах ячменя местной селекции, решению методических вопросов мутагенного воздействия их на растения ячменя, а также получение перспективных мутантов, как исходного материала для селекции сортов, адаптированных к стрессовым, почвенно-климатическим условиям Казахстанского Приаралья. Для получения исходного материала для селекции ячменя в виде мутантных линий с селекционно-ценными признаками, посредством обработки семян ионизирующим излучением был использован ускоритель электронов АО «Парк ядерных технологии» (г. Курчатов, РК). Радиационной обработке были подвергнуты семена двух сортов

Таблица 1. Анализ ростовых процессов растений сорта ячменя Сыр Аруы при различных уровнях радиационной обработки семян на промышленном ускорителе ИЛУ-10

Диапазон поглощенных доз, Гр	Количество проросших семян, шт (через 4 дня)	Лабораторная всхожесть, %	Длина 10-ти дневных ростков, см	Показатели 15-ти дневных проростков			
				длина проростков, см	масса проростков, г	длина корешков, см	масса корешков, г
50±10%	42,7	85,4±0,98	14,4±0,21	17,1±0,56	0,165±0,004	5,12±0,08	0,087±0,021
100±10%	47,3	95,6±0,56	14,2±0,46	17,4±0,53	0,171±0,009	7,07±0,15	0,123±0,015
150±10%	46,7	94,4±0,89	13,0±0,32	16,3±0,91	0,152±0,012	7,92±0,21	0,112±0,011
200±10%	46,3	96,9±0,57	14,5±0,51	17,8±0,89	0,167±0,003	7,96±0,27	0,128±0,018
250±10%	45,8	94,6±0,92	12,6±0,95	14,9±1,86	0,157±0,016	6,31±0,31	0,117±0,021
не обработан	48,3	96,6±0,98	14,4±0,85	18,3±0,97	0,173±0,006	8,55±0,05	0,139±0,004

Таблица 2. Анализ ростовых процессов растений сорта ячменя Инкар при различных уровнях радиационной обработки семян на промышленном ускорителе ИЛУ-10

Диапазон поглощенных доз, Гр	Количество проросших семян, шт (через 4 дня)	Лабораторная всхожесть, %	Длина 10-ти дневных ростков, см	Показатели 15-ти дневных проростков			
				длина проростков, см	масса проростков, г	длина корешков, см	масса корешков, г
50±10%	42,2	84,4±0,87	13,5±0,51	16,5±0,15	0,152±0,009	6,15±0,12	0,119±0,012
100±10%	40,3	80,6±0,34	13,3±0,44	15,2±0,24	0,148±0,012	6,22±0,18	0,129±0,002
150±10%	40,8	81,6±0,29	13,0±0,52	14,8±0,32	0,144±0,015	6,57±0,04	0,127±0,004
200±10%	39,8	89,6±0,48	14,0±0,61	16,0±0,27	0,145±0,012	7,52±0,16	0,135±0,009
250±10%	37,6	75,2±0,31	12,9±0,91	14,5±0,31	0,140±0,019	5,15±0,09	0,108±0,018
не обработан	48,7	97,4±0,23	13,8±0,34	17,2±0,29	0,157±0,003	9,27±0,04	0,151±0,009

ячменя Сыр Аруы и Инкар по 500 зерен в каждом варианте. При этом энергия электронов составило 5 МэВ, средний ток пучка — 0,04; 0,08; 0,12; 0,16; 0,2 мА, скорость лучевой секции конвейера — 9 м/мин, диапазон поглощенных доз — $50 \pm 10\%$; $100 \pm 10\%$; $150 \pm 10\%$; $200 \pm 10\%$ и $250 \pm 10\%$ Гр. Контроль — необработанные семена данных сортов. Постановка лабораторного опыта проводилась согласно сертифицированной методике [1]. Анализ ростовых процессов проводился по методике ВИР [2, 3]. Статистическая обработка данных проводилась по Доспехову Б. А. [4].

Начальный этап исследований включал изучение влияния различных доз ионизирующих излучений на рост и развитие растений ячменя в ранних стадиях онтогенеза (энергия прорастания, лабораторная всхожесть, высота, длина, масса ростков и корешков 10 и 15-дневных проростков) с целью определения тестового показателя наиболее эффективного мутагенного воздействия радиационной обработки.

Действие радиационной обработки семян сорта ячменя Сыр Аруы на промышленном ускорителе электронов ИЛУ-10 на энергию прорастания и всхожесть семян было незначительным и их показатели во всех дозах оказались на одном уровне, за исключением первого варианта обработки семян. Интересно отметить, что при минимальной дозе излучения 50 Гр наблюдалось существенное снижение всхожести до 85,4%, тогда как на других вариантах с повышенной дозой этот показатель был на уровне контроля в пределах от 94,4–94,9%. Иная картина наблюдалась на сорте ячменя Инкар, у которого лабораторная всхожесть прямо пропорционально снижалась с увеличением дозы ионизирующего излучения до 75,2% и различия в сравнении с контролем были достоверно значимыми.

Изучение действия ионизирующего излучения на длину 10-ти и 15-ти дневных проростков показало, что по мере увеличения поглощенных доз у сортов ячменя происходит некоторое снижение длины 10-ти дневных проростков до 12,6 и 9,8 см, а по длине 15-ти дневных — до 14,9 и 11,3 см, при 18,3 и 17,2 см на контрольных вариантах, соответственно по сортам Сыр Аруы и Инкар. Аналогичная картина наблюдается по массе 15-ти дневных проростков и

корешков. Полученные данные анализа ростовых процессов растений в разрезе сортов ячменя при различных уровнях радиационной обработки семян на промышленном ускорителе ИЛУ-10 представлены в таблицах 1, 2.

Нами также было выявлено, что при дозе $200 \pm 10\%$ Грей у обоих сортов наблюдался более интенсивный рост проростков, в сравнении с другими вариантами, то есть отмечено стимулирующее влияние данной дозы мутагена на ростовые процессы, что указывает на эффективность применения данной мощности излучения для предпосевной обработки семян, с целью ускоренного прохождения первых фаз онтогенеза, сокращения вегетационного периода сортов ячменя, возделываемого в рисовом севообороте преимущественно в качестве покровной культуры для многолетних бобовых трав, что позволит получить высокий урожай в стрессовых условиях Приаралья.

Таким образом, анализ ростовых процессов растений ячменя показал, что радиационная обработка семян сортов ячменя на промышленном ускорителе электронов ИЛУ-10 показала, что выбранные дозы облучения не оказали летального воздействия на семена ячменя, однако в процессе онтогенеза, в частности мощность дозы облучения в $250 \pm 10\%$ Грей ведет к достоверному угнетению развития ростка и корней, а в дальнейшем к гибели всего проростка. Гибель проростков при данной дозе облучения была самой максимальной и составила 65–70%. Полученные данные свидетельствуют о том, что максимально допустимая доза облучения ячменя при использовании промышленного ускорителя электронов ИЛУ-10 является доза при среднем токе пучка электронов — 0,2 мА или 250 Грей. Выявлены сортовые различия по влиянию дозы мутагена на лабораторную всхожесть семян, что указывает на зависимость действия ионизирующего излучения от генетической природы сортов.

Проведенные лабораторные исследования выявили достоверное снижение значений длины и массы корешков по мере увеличения доз облучений в сравнении с контрольным вариантом, что указывает на существенные различия между вариантами опыта, следовательно, данные признаки могут служить одним из информативных (тестовых) показателей при оценке эффективных доз ионизирующего излучения.

Литература:

1. ГОСТ 12038–84 Семена сельскохозяйственных культур. Методы определения всхожести, 2011.
2. Определение всхожести по прорастанию семян в солевых растворах // Методические указания ВИР, Ленинград, 1989. — 14 с.
3. Методические указания ВИР по изучению мировой коллекции ячменя. — Ленинград. — 1981. — 30 с.
4. Доспехов, Б. А. Методика полевого опыта. — М.: Колос, 1973. — 335 с.

МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

Международный научный журнал
Выходит еженедельно

№ 12.1 (146.1) / 2017

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Главный редактор:

Ахметов И. Г.

Члены редакционной коллегии:

Ахметова М. Н.
Иванова Ю. В.
Каленский А. В.
Куташов В. А.
Лактионов К. С.
Сараева Н. М.
Абдрасилов Т. К.
Авдеюк О. А.
Айдаров О. Т.
Алиева Т. И.
Ахметова В. В.
Брезгин В. С.
Данилов О. Е.
Дёмин А. В.
Дядюн К. В.
Желнова К. В.
Жуйкова Т. П.
Жураев Х. О.
Игнатова М. А.
Калдыбай К. К.
Кенесов А. А.
Коварда В. В.
Комогорцев М. Г.
Котляров А. В.
Кузьмина В. М.
Курпаяниди К. И.
Кучерявенко С. А.
Лескова Е. В.
Макеева И. А.
Матвиенко Е. В.
Матроскина Т. В.
Матусевич М. С.
Мусаева У. А.
Насимов М. О.
Паридинова Б. Ж.
Прончев Г. Б.
Семахин А. М.
Сенцов А. Э.
Сенюшкин Н. С.
Титова Е. И.
Ткаченко И. Г.

Фозилов С. Ф.

Яхина А. С.

Ячинова С. Н.

Международный редакционный совет:

Айрян З. Г. (Армения)
Арошидзе П. Л. (Грузия)
Атаев З. В. (Россия)
Ахмеденов К. М. (Казахстан)
Бидова Б. Б. (Россия)
Борисов В. В. (Украина)
Велковска Г. Ц. (Болгария)
Гайич Т. (Сербия)
Данатаров А. (Туркменистан)
Данилов А. М. (Россия)
Демидов А. А. (Россия)
Досманбетова З. Р. (Казахстан)
Ешиев А. М. (Кыргызстан)
Жолдошев С. Т. (Кыргызстан)
Игисинов Н. С. (Казахстан)
Кадыров К. Б. (Узбекистан)
Кайгородов И. Б. (Бразилия)
Каленский А. В. (Россия)
Козырева О. А. (Россия)
Колпак Е. П. (Россия)
Курпаяниди К. И. (Узбекистан)
Куташов В. А. (Россия)
Лю Цзюань (Китай)
Малес Л. В. (Украина)
Нагервадзе М. А. (Грузия)
Прокопьев Н. Я. (Россия)
Прокофьева М. А. (Казахстан)
Рахматуллин Р. Ю. (Россия)
Ребезов М. Б. (Россия)
Сорока Ю. Г. (Украина)
Узаков Г. Н. (Узбекистан)
Хоналиев Н. Х. (Таджикистан)
Хоссейни А. (Иран)
Шарипов А. К. (Казахстан)

Руководитель редакционного отдела: Кайнова Г. А.

Ответственный редактор спецвыпуска: Шульга О. А.

Художник: Шишков Е. А.

Верстка: Бурьянов П. Я.

Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.

Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.

При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

почтовый: 420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231;

фактический: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: info@moluch.ru; <http://www.moluch.ru/>

Учредитель и издатель:

ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297